



АҚОРДА



ТАРИХИ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЖАҢА ТАРАУЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумында сөз сөйледі.

Президент бұл басқосудың еліміз үшін мән-маңызы айрықша екенін атап өтті. Жиында кешенді саяси, экономикалық реформаларды іске асырудағы, сондай-ақ мемлекетті басқару жүйесіндегі мәслихаттардың рөлі талқыланды.

— Өздеріңізге мәлім, Қазақстанда кең ауқымды, тарихи өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Игі бастамалардың бәрі де халықтың әл-ауқатын арттыру үшін қолға алынды. Біз мемлекеттік басқару жүйесін, экономиканы және әлеуметтік саланы түбегейлі жаңғыртуға кірістік. Бұл орайда, мәслихаттардың алдында тұрған миссия — айрықша. Өкілді органдарды күшейту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді. Біз бұған дейін біраз шаруа атқардық. «Қуатты аймақтар — қуатты ел» қағидатына сәйкес, мәслихаттардың беделін көтердік. Соның арқасында осы құры-

лымдар мемлекеттік басқару жүйесіндегі басты институттың біріне айналды. Дегенмен мәслихаттардың әлеуетін одан әрі күшейту үшін бірқатар міндетті орындауымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ, Алматы облысындағы «Дәулет-Бекет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі Сыдық Дәулетов, Мәжіліс депутаты Константин Авершин, Алматы қалалық мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев, Петропавл қалалық мәслихатының депутаты Елена Семидоцких, Жетісу облыстық мәслихатының депутаты Гүлнәр Тойлыбаева, Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы Илья Теренченко, Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының төрағасы Ардақ Бораш, Ақтөбе қалалық мәслихатының депутаты Аслан Қайырғалиев сөз сөйледі.

ЖЕРТӨЛЕДЕН ТӨРГЕ: ДЕТЕКТИВТЕР РЕНЕССАНСЫ

Жеке детектив институтының пайда болуын баламалы қорғану тәсілдерін енгізуге жасалған талпыныс деуге болады. Қызметі заңды болса, детектив, әдетте, жұмысты нақты нәтижеге жеткізуге мүдделі болады. Әрине, оның жинаған деректері ресми тергеудің орнын алмастырмайды, бірақ қосымша дәлел көзіне айналып, қылмыстың ашылуына ықпал етуі мүмкін.



→ 5

САНДЫҚ ЖҮЙЕДЕН – САПАҒА

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Digital Qazaqstan жобасының жүзеге асырылуы жөнінде жұмыс кеңесі өтті.



Жиын барысында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Денсаулық сақтау ми-

нистрі Ақмарал Әлназарова, Қаржы министрі Мәди Такиев, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев баяндама жасады.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ

Мемлекет басшысы биатлоншы Ербол Хамитовті Италияда өтіп жатқан қысқы Паралимпиада ойындарының жеңімпазы атануымен құттықтады.

Президент спортшының табанды еңбек пен ерік-жігердің арқасында қиын жолды еңсеріп, керемет жетістікке қол жеткізгенін атап өтті. Бұл — шынайы құрметке лайық.

Қазақстан құрама командасының Ту ұстаушысы бұған дейін шаңғы жарысынан Паралимпиаданың қола жүлдегері атанған болатын.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ербол Хамитовке жарқын жеңіс, қажымас қайрат және зор денсаулық тіледі.



ҮМІТТІ ҚАЙТА ЖАҚҚАН – ПРОТОНДЫҚ ТЕРАПИЯ

Протондық терапия химиотерапияға қарағанда, әлдеқайда тиімді нәтиже береді әрі ағзаға тигізер жанама әсері аз. Орталық 2025 жылы қараша айында жұмысын бастады, еліміз, осылайша, онкологиялық ауруларды емдеудің ең заманауи, жоғары дәлдікті технологиялары қолжетімді 25 елдің қатарына кірді.



→12

АҚОРДА

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

САНДЫҚ ЖҮЙЕДЕН – САПАҒА

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Жоғарғы сот пен Сот әкімшілігінің, Ұлттық банктің, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының цифрлық шешімдері таныстырылды. Мемлекеттік органдардың жетекшілері Президентке экономика салаларын және мемлекеттік басқаруды цифрлық тұрғыдан трансформациялау бойынша атқарылған жұмыс пен алдағы жоспар жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік құрылымдар Жасанды интеллект және цифрландыру жылы аясында ауқымды жұмыс істеуі қажет екеніне назар аударды. Негізгі мақсат – озық технология мен жасанды интеллекті ел өмірінің әр саласына жаппай енгізу.

– Ең алдымен, қолайлы институционалдық, құқықтық және іскерлік орта қалыптастыру қажет. Қазақстан – ыңғайлы және озық цифрлық реттеу жүйесін енгізген елдердің қатарында. Біз бұл жұмысты алғашқылардың бірі болып бастадық. Атап айтқанда, елімізде Цифрлық кодекс қабылданды. Жасанды интеллект туралы арнайы заң күшіне енді. Бірақ бұл тек ауқымды жұмыстың басы ғана, мұнымен тоқтап қалмауымыз керек. Әлемде болып жатқан өзгерістердің қарқыны өте жоғары. Оны жақсы білесіздер. Ғылым, білім, технология аса жоғары жылдамдықпен дамып жатыр. Сондықтан нормативтік құжаттарды да дер кезінде жаңартып отыру керек. Бір сөзбен, қазіргі заманда әрбір азаматқа түсінікті және айқын болатын «Цифрлық мемлекет» ұғымын қалыптастыру қажет, яғни Digital Qazaqstan стратегиясы азаматтар мен бизнестің нақты талап-тілегін ескеруге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Digital Qazaqstan халық мүддесіне қызмет ететін құжат болуға тиіс деп санайды. Дегенмен шұғыл шешімін табуға тиіс бірқатар мәселе де бар.

– Мемлекеттік аппарат қызметін цифрландыруды жеделдету қажет. Қазіргі кезде мемлекеттік қызметтің 90 пайыздан астамы онлайн форматқа ауыстырылған. Ведомствоаралық ақпарат жүйелері біріздендірілген үдеріске кіріктірілмеген. Жеделдік пен сапа барлық кезеңде басымдыққа айналуға тиіс. Бұған дейін айтқанындай, адамдарды жүгіртіп, әуре-сарсаңға салмай, деректерді барын-



ша қолжетімді еткен жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, Digital Qazaqstan стратегиясында қағазбастылықтан арылып, ішкі процестерді түбегейлі қайта құруға баса мән беру қажет.

– Цифрландыру мен бюрократия – от пен су сияқты бір-біріне кереғар құбылыстар. Біз заманауи технологияларды ескірген бюрократияның тар шеңберіне қамауға тырыспай, жаңаша жұмыс істеп үйренуіміз керек. Заманауи цифрлық мемлекет жасанды интеллектке бейімделуге және ауқымды деректер қорын оңтайлы пайдалануға міндетті. Осынау жаңа әрі күрделі саланың маманы – сіздер. Қайткенде де, солай аталасыздар. Ендеше не тұрыс? Бізге нәтиже керек. Жасанды интеллект туралы жаңалықтарды үнемі оқып отырамын. Технологияның қарқынды дамып келе жатқаны соншалық, Қазақстанның цифрлық келешегіне алаңдай бастайсың. Меніңше, процесс өте баяу жүріп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Үкіметке мемлекеттік аппаратты түбегейлі трансформациялау міндетін жүктеді. Бұл істі үйлестірумен Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі айналысады.

Қасым-Жомарт Тоқаев ведомство жыл соңына дейін өзгелерге үлгі көрсетіп, азаматтармен, бизнеспен және мемлекеттік органдармен қарым-қатынастың жаңа форматына бірінші болып ауысуы керек екенін атап өтті.

Президент AI-Sana бағдарламасын одан әрі дамыта отырып, нақты нәтижелерге қол жеткізуді тапсырды.

Бұған қоса, Мемлекет басшысы отандық IT-бизнестің көкжиегін кеңейтуді негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастыруға шақырды.



– Бұл бағытта қазірдің өзінде көп жұмыс істелді. Astana Hub-тың негізінде кәсіпкерлерге барынша қолайлы жағдай жасалды. Еліміздегі IT қызметтердің экспортынан түскен табыс 1 миллиард долларға жуықтады. Зияткерлік өнім өндіретін, оны шетелге сататын жобаларға мемлекеттік қолдау көрсетілуі қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект технологияларын өндіріс саласына енгізуді ынталандыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ цифрлық төлем

инфрақұрылымына қатысты мәселені шешуді тапсырды. Президенттің айтуынша, жасанды интеллектің экономиканың нақты секторында кенінен қолдану технологиялық дербестік пен экономикалық өсімнің маңызды факторы саналады. Үкіметтің алдында өнеркәсіпке

озық технологиялар енгізу үшін ынталандыру тетіктерін қарастыру міндеті тұр.

– Азаматтарға арналған банк қызметтеріне айрықша тоқталғым келеді. Менің тапсырмаммен Ұлттық банк цифрлық қаржы инфрақұрылымын жасады. Оның аясында банкаралық QR-төлемдер және аударымдар, цифрлық теңгемен есеп айырысу қызметтері пайда болды. Бұл төлем тізбегіндегі делдалдар санын қысқарту арқылы шығынды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Банктер заң

жүзінде аталған инфрақұрылымға қосылуға міндеттелді. Алайда ірі банктер бұл талапты созбалаңға салып, орындамай отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық есептеуші инфрақұрылымды дамытудың маңызына назар аударды. Сонымен қатар екі суперкомпьютердің іске қосылуы еліміздің технологиялық дербестігін нығайту тұрғысынан зор стратегиялық мәнге ие екенін айтты. Президенттің пікірінше, деректерді басқаруға қатысты жауапкершілікті бөлу қажет. Деректердің сапасына ведомстволардың бірінші басшылары жауап беруге тиіс. Деректерді басқарудың мемлекеттік деңгейдегі толық жүйесін қалыптастыру оны экономикалық актив ретінде қарастырудың маңызды қадамы болмақ.

Сонымен қатар баяндамада криптоиндустрияны дамыту мәселесі көтерілді. Бұл саланы реттейтін заңнамалық өзгерістер биыл мамыр айында күшіне енеді. Президент қаржы саласын реттеуші органдарға Үкіметпен және құқық қорғау органдарымен бірлесіп, цифрлық активтер саласын дамыту жоспарын әзірлеуді тапсырды. Онда қаржы тұрақтылығына зиян келтірмеу,

алаяқтыққа және капиталды заңсыз шығаруға қарсы тиімді күрес шаралары ескерілуге тиіс.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы құпиялылықты сақтаудың, дербес дерекке заңсыз қол жеткізудің кез келген түріне тосқауыл қоюдың маңызына назар аударды. Президенттің пікірінше, жеке мәліметтің тарап кету жағдайлары мемлекетке деген сенімді азайтады. Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарымыз жана Ата Заң жобасын қолдаса, дербес деректерді қорғау конституциялық міндет ретінде бекітілетінін жеткізді.

БАҒДАР

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ МАҢЫЗДЫ

Елордадағы Kіnopark кинотеатрында «Ерекше» көркем фильмінің премьерасы өтті. Бұл картинада мұқалмас жігер мен шексіз мейірім туралы тағылымды оқиға баяндалады. Алдын ала көрсетілімге Сенат Төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев бастаған палата депутаттары қатысты. Жаңа туындыда кәсіби актерлермен қатар боччамен айналысатын параспортшылар да өнер көрсетеді. Бұл туындының шынайылығы мен мазмұнын арттыра түскен қадам болды.

Мәулен Әшімбаев көрерменді жаңа картинаның жарық көруімен құттықтап, параспортшылардың өміріне арналған «Ерекше» көркем фильмі елімізде инклюзивті қоғам қалыптастыру үдерісіне серпін беретініне сенім білдірді. Сондай-ақ ол бұл мәселе Мемлекет басшысының басты назарында екеніне тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев баршаға тең мүмкіндік беретін инклюзивті қоғам құру мәселесіне үнемі баса мән беріп келеді. Осы бастаманы іске асыру аясында мемлекет деңгейінде тиісті жұмыс қолға алынып, кедергілерді жою және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау үшін кешенді шаралар қабылданып жатыр. Бүгінде елімізде жүзеге асырылып жатқан жаңғыртулар, соның ішінде конституциялық реформа да әділеттілік, тең мүмкіндіктер, ашық әрі инклюзивті қоғам қағидаттарын нығайтуды көздейді», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы фильмнің маңызы мен өзектілігіне назар аударып, оның қалыптасқан құндылықтарды жаңаша пайымдауға және әлемге әр қадамының өзі үлкен жеңіске айналатын адамдардың көзімен қарауға мүмкіндік беретінін айтты.

«Инклюзия мәдениеті тек заңнамалық негізбен қалыптаспайды. Ол, ең алдымен, шынайы жанашырлыққа, адамгершілікке, өзара қолдауға табан тірейді. Кино – осындай құндылықтарды дәріптеудің маңызды тетіктерінің бірі. «Ерекше» фильмі – еліміздегі параспортты дамытуға, параспортшылардың әлеуетін ашуға және инклюзия мәдениетін ілгерілетуге қосылған үлкен үлес. Бұл жоба өнер мен жылы әзіл арқылы ерекше қажеттілігі бар адамдарға қатысты

маңызды тақырыптарды қозғауға ықпал етеді. «Ерекше» – қайсар мінез бен ерік-жігер туралы фильм. Бұл – сенім мен нақты мақсат жолындағы қажырлы еңбек қоғамдағы үлкен жеңістерге негіз болатынын көрсететін әсерлі оқиға», – деді Сенат Төрағасы.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Kіnopark кинотеатрлар желісінің басшысы Алмаз Малдыбаевқа, фильм режиссері Ернар Нұрғалиевке, сценарий авторы Сержан Серікбайға, продюсерлерге, актерлік құрам мен түсірілім тобына аталған маңызды әлеуметтік бастаманы қолға алып, параспортшыларға қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді.

Фильм түсіріліміне кәсіби актерлермен қатар Қазақстан мен Қырғызстан боччасшылары да қатысты. Бұл қадам жарыс атмосферасын барынша шынайы жеткізуге мүмкіндік берді. Басты рөлдерді Жасұлан Көпберген, Акерке Назарбекова және Расул Бауыржан сомдағанын атап өткен жөн.

Кинокартинаның сюжетінде өмірге жеңіл қарайтын жас жігіт Арманның тағдыры суреттеледі. Ол бір қателіктің салдарынан спорт кешенінде қоғамдық жұмыс атқаруға мәжбүр болады. Сол жерде Әйгерім және оның бауыры Дидармен танысып, мүлде басқа әлемге тап болады. Бұл жерде шынайы күш атақданқ, ақшамен емес, төзіммен, сеніммен және асқақ рухпен өлшенеді.

Айта кетейік, фильм Қазақстан бочча федерациясының бастамасымен Kіnopark кинотеатрлар желісі мен Tiger Films продюсерлік студиясының және басқа да серіктестердің қолдауымен түсірілді. Жаңа картинаның кинотеатрлардағы көрсетілімінен түскен қаражат мүгедектігі бар балаларды қолдауға жұмсалады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ РЕФЕРЕНДУМ

Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.



<https://www.gov.kz/referendum?lang=kk>



<https://referendum2026.gov.kz/kk>



<https://referendum.gov.kz/kk>

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

ҚОҒАМ

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



Бүгінде ел экономикасын нығайтып, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі – «AMANAT» партиясының қолға алған «Қарызсыз қоғам» және «Ауыл аманаты» жобалары. Бұл бағдарламалар тек қаржылай қолдау көрсетумен шектелмей, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттырып, кәсіпкерлікке бет бұруына жол ашып отыр. Нәтижесінде, халықтың ойлау жүйесі өзгеріп, масылдық көзқарастан арылып, еңбекке, кәсіпке негізделген жаңа өмір салты қалыптасуда. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та бұл бастамалардың қоғам үшін маңызын атап өтіп, халықтың табысын арттыру мен ауыл экономикасын дамытуда ерекше рөл атқаратынын бірнеше рет айтқан болатын.

Екі жобаның маңызы мен қаржылық сауаттылықтың пайдасын айтқанда, «Қарызсыз қоғам» және «Ауыл аманаты» бағдарламаларының орны ерекше. Бұл бастамалар тұрақтылық пен дамудың негізін қалыптастырып, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Бүгінгі күні мемлекет пен қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі – халықты несиелік құрсаудан құтқарып, қаржылық тұрғыдан сауатты ету. Осы бағытта «AMANAT» партиясы ұсынған екі жоба бірін-бірі толықтырып, ауыл мен қала тұрғындарына жана мүмкіндіктер ұсынып отыр.

Қаржылық сауаттылық – қарыз қамытынан құтылудың және борышкер кәсіпкерліктің кепілі. Көптеген азаматтың несие жүгімен арпалысуының басты себебі – қаржылық сауаттылықтың төмендігі. «Қарызсыз қоғам» жобасы дәл осы олқылықтың орнын толтыруда. Жоба аясында адамдар отбасылық бюджетті жоспарлауды, қажетсіз шығындарды шектеуді және несиенің тиімді әрі тиімсіз түрлерін ажыратуды үйреніп, «көрепке қарай көсілуді» әдетке айналдырады. Бұл тек жеке адамның емес, тұтас мемлекеттің қаржылық қауіпсіздігін нығайтады.

Қарызға батпау үшін адамдар үшін несие – бұл мүмкіндік болуы керек, бірақ ауыр жүк болмауы тиіс. Қарызға батпау үшін тапқан табысты қажеттілікке жұмсап, қалғанын жинау керек. Телефон мен тойға тұтынушылық несие алу – шығын, ал алған несиені бизнеске салу – инвестиция. Сол сияқты несиеге үй мен көлік алу да өзіне салған капитал саналады. Қаржыны бизнеске салудың артықшылықтары өте көп. Қаражатты жай ғана банкте сақтағаннан немесе тұтынуға жұмсағаннан гөрі оны айналымға салсаңыз, бизнеске салынған 1 теңге уақыт өте

келе еселеніп қайтады. Ал жеке кәсіп – бұл ертеңгі күнге деген сенімділік. Кәсіп ашу арқылы сіз тек өзіңізді емес, тағы бірнеше адамды жұмыспен қамтып, талай отбасына пайдаңызды тигізе аласыз.

Ең бастысы – ниет пен еңбек. Несиені тойға емес, ойға, яғни бизнеске салып, қаржылық еркіндікке жету әрбір қазақстандықтың қолынан келетін іс деп ойлаймын. Бүгінге дейін көзге көрінбейтін, табыс әкелмейтін мақсаттарға алған несиенің көлемін есептесеніз, шағын да емес орта бизнес бастайтын ақшаның сомасы шығар?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы еңбеккерлерімен өткен кездесуде ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге басымдық берілетінін айтып, алдымен кооперативтер құруды жалғастыруды ұсынды. Бұл бағытта біршама жұмыс атқарылса да, бірлескен шаруашылықтар әзірге ауыл экономикасының тірегі бола алмай жатыр екен. Оған себеп кооперативтерді құратын топтардың жеке шаруашылық иелері және өнім өңдеушілер арасында делдал, шын шаруаларға арналған мемлекеттен жеңілдіктерді иемденіп алуы. Сондықтан жеке шаруаларды кооперативке біріктіру жұмыстарын жалғастыру тапсырылды. Мемлекет басшысы: «Ауыл аманаты» жобасы өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік береді. Жоба аясында екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. 2029 жылға дейін осы бағдарламаға 600 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінеді» деп ауылды дамыту үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының әлеуетін кеңінен пайдаланудың жолдарын белгілеп берді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ресурстарын ауыл бизнесіне қажетті инфрақұрылымды жетілдіруге

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – ТҰРАҚТЫЛЫҚ пен ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

жұмсалатын болды. Аймақтарда мал бордақылайтын және мал соятын орындар тапшылығын жою, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу ісімен айналысатын және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жөндеп, қызмет көрсететін сервистік дайындау орталықтарын салу, суару арналары мен ирригация жүйелеріне жөндеу қолға алынды. Президент айтқандай, инфрақұрылым болса, әкімдердің жергілікті бизнесті қолдауға және инвестор тартуға мүмкіндігі артады. Ол үшін аймақтық стандарттар жүйесіне өзгерту енгізіп, ауыл экономикасын жандандыру үшін нақты ұсыныстар әзірленіп жатыр.

Көптеген азамат «несие ауық» деп ойлайды, бірақ бұл бағдарлама ауыл халқы үшін барынша жеңілдетілген. Ол үшін мал шаруашылығы, құс өсіру, жылыжай сияқты шаруалармен айналысатыныныңды жазып, бизнес жоспар түзіп, жергілікті әкімдікке өткізесіз, олар сіздерге бәрін түсіндіріп береді. Егер бағдарламаның талаптарына сәйкес келсе, 2,5%-бен несие алады. «Қарызсыз қоғам» – қаржылық имунитетті қалыптастырады. Кәсібі бар адамның мақсаты болады. Өз кәсібін жалақыға телмірмей, өз-өзін асырауға мүмкіндік береді. «Ауыл аманаты» басталғаннан бері мыңдаған ауыл тұрғыны кәсіпкерге айналды. Ал әр кәсіпкер елдің берекесін кіргізетін бір «кірпіш». Партияның бұл жобалары тек қағаз бетіндегі есеп емес, ол – ауылдағы ағайынның көзіндегі сенім, балалардың ертеңгі бақытты болашағы. Қарызсыз өмір сүру – ол байлық емес, ол – еркіндік. Ал «Ауыл аманаты» – сол еркіндікке апаратын ең қысқа жол.

Елімізде бұрын-соңды кешірілмеген қарыздар кешіріліп келеді. Борышкерлерді банкрот деп танытын заң қабылданды. Мемлекет басшысының бұл шешімдері – еліміздегі әлеуметтік шиеленісті азайтуға және азаматтардың қаржылық еркіндігін қалпына келтіруге бағытталған маңызды қадамдар. Шамадан тыс берешек халықтың басым бөлігінің тапқан табысының жартысынан көбін несиеге төлеп, басқа мұқтаждықтарына жеткізе алмай қалады. Бұл, әсіресе көпбалалы отбасылар, мүгедектігі бар жандар және жетім балалар сияқты әлеуметтік осал топтарды несие тұзғынан құтқарады. Қарызға батқан адам ресми жұмысқа тұрудан қашады, себебі жалақысы бұғатталады. Ал Банкроттық заңы оларға «таза парактан» бастауға мүмкіндік берді. Бұл шаралар халық үшін тиімді. Мәселен, несие кешірілген немесе банкроттық рәсімінен өткен азаматтардың мойнынан ауыр жүк түсіп, отбасы бюджетіндегі ақшаның несиеге емес, балалардың біліміне, сапалы тамақтануға жұмсалыуына жол ашты.

Сол сияқты үнемі коллекторлардан қорыққан, шоттары бұғатталған адамның үрейі төмендеп, қоғамдағы депрессия мен агрессияның азаюына тікелей әсер

етеді. Банкроттық туралы заң – бұл адамды экономикалық «тұйықтан» шығару құралы. Ал енді қарыздан құтқарып, қарызға батудан сақтандыратын құжатта борышкерлерді соттан тыс банкрот деп тануға мүмкіндік туды. Әсіресе, төлемі 5 жылдан асқан немесе қарызы аз адамдар үшін оңайлатылған жол болды. Егер адамның тұрақты табысы болса, сот оған қарызын 5 жылға дейін бөліп төлеудің ыңғайлы кестесін жасап беріп, төлем қабілеттілігін қалпына келтіреді.

Банкроттық туралы заңның халыққа берер пайдасы зор. Көпшілік «банкроттық» сөзін жаман атақ ретінде қабылдайды. Алайда шын мәнінде бұл – азаматтарды қорғайтын заңды тетік. Банкроттық рәсімі басталған сәттен бастап қарыз бойынша өсім мен айыппұлдар есептелмейді, яғни берешек мөлшері ұлғаймайды. Сонымен қатар коллекторлар мен банк өкілдерінің қонырау шалып мазалауына немесе үйге келуіне заңмен тыйым салынады.

Сот шешімі шыққаннан кейін бұғатталған банк шоттары ашылып, азамат өз еңбекақысын толық пайдалана алады. Ал банкроттық рәсімі аяқталып, қарыз мәселесі шешілген соң борышкерлер тізімінен шығарылып, шетелге шығуға қойылған шектеулер де алынады.

Жыл басынан бері 51 мыңнан астам азамат ресми түрде банкрот деп танылып, олардың шамамен 188 миллиард теңге қарызы кешірілді. Банкроттыққа өтініш бергендердің саны бұдан әлдеқайда көп – 300 мыңға жуық адам. Алайда олардың барлығы бірдей заң талаптарына сай келмеген.

Ал 2019 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен біржолғы ауқымды несие кешіру акциясы өтті. Соның нәтижесінде шамамен 600 мыңға жуық азамат қарыз жүгінен құтылды. Бұл шара ең алдымен әлеуметтік жағдайы ауыр көпбалалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға және жетім балаларға қолдау көрсетуге бағытталды. Бұл көптеген адамға жана өмір бастауға мүмкіндік берген маңызды қадам болды.

Мемлекет жана жұмыс орындарын жай ғана статистика үшін емес, экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ашып жатыр. Ең алдымен, бұл – халықтың табысын арттырудың ең тиімді жолы. Адам тұрақты жұмыспен қамтылса, өз отбасын асырайды, несие төлейді, болашағын жоспарлайды. Яғни, әлеуметтік тұрақтылық нығаяды.

Екіншіден, жұмыс орындары – кедейлік пен әлеуметтік теңсіздікті азайтудың негізгі құралы. Жұмыссыздық артса, қоғамда әлеуметтік шиеленіс көбейеді. Ал еңбек нарығы дамыса, адамдар масылдыққа емес, табыс табуға ұмтылады. Үшіншіден, жаңа жұмыс орындары экономиканы өртараптандыруға қажет. Мысалы, Қазақстан шикізатқа тәуелділікті азайтып, өңдеу өнеркәсібін, ауыл

шаруашылығын, логистиканы, цифрлық саланы дамытуға күш салып жатыр. Осы бағыттарда жаңа кәсіпорындар ашу – жаңа жұмыс орындарының көбеюі деген сөз. Төртіншіден, бұл – ішкі нарықты күшейту. Жалақы алған азамат тұтынушыға айналады: тауар сатып алады, қызмет пайдаланады. Осылайша, ақша айналымы көбейіп, шағын және орта бизнес дамиды.

Әрине, несие мүлде алуға болмайды деген сөз емес. Бірақ оны тұтынуға емес, табыс әкелетін іске бағыттау тиімді. Яғни, қарыз – салмақ емес, құрал болуы керек. Ал саналы қаржы тәртібі мен кәсіпкерлік – адамның экономикалық еркіндігіне апаратын ең қысқа жол. «AMANAT» партиясы соңғы жылдары халықтың нақты әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған ірі жобаларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Соның ішінде «Қарызсыз қоғам» және «Ауыл аманаты» бастамалары ел ішінде кең қолдау тауып отыр. Бұл жобалар жай ғана ұран емес, нақты нәтижеге бағытталған, адамдардың тұрмыс сапасын арттыруға арналған кешенді бағдарламалар.

«Қарызсыз қоғам» жобасы азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруға және несие жүктемесін азайтуға бағытталған маңызды қадам болды. Көптеген отбасы несие төлеу мәселесінде тығырыққа тірелген кезде жоба аясында тегін кеңес беру, қаржыны дұрыс жоспарлау, қарызды қайта құрылымдау тетіктері ұсынылды. Нәтижесінде, мыңдаған адам қаржылық тәртіпті үйреніп, өз бюджетін басқарудың тиімді жолдарын меңгерді.

Ал «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, кәсіп ашуына және кооперация құруына нақты мүмкіндік берді. Жеңілдетілген несие, төмен пайыздық мөлшерлеме және мемлекеттік қолдау ауылдағы кәсіпкерлікті жандандыруға серпін беріп отыр.

Жалпы алғанда, бұл жобалар елдегі әлеуметтік тұрақтылықты нығайтып, ауыл мен қала арасындағы экономикалық алшақтықты азайтуға ықпал етуде. Халықтың табысын арттыру, қаржылық тәртіпті қалыптастыру және кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы мұндай нақты қадамдар – ел дамуының берік негізі екені сөзсіз. «AMANAT» партиясы Халық үніне құлақ асатын мемлекет құруда қоғаммен тұрақты әрі тығыз байланыс орнатып, азаматтардың жақсы өмір сүруіне жол көрсетіп әрі көмектесіп келеді. Мұның бәрі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды тұжырымдамасын негізге алып, жүзеге асырылып жатқан жұмыстар. Жұдырықтай жұмылып, Қазақстанның өсіп-өркендеуі мен көркеюіне үлес қосатын ауызбіршілігі мол, іскерлігі зор мемлекетке айналайық.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшесі,
Мәжіліс депутаты

КӨКЕЙКЕСТІ

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Жертөледеден төрге:

ДЕТЕКТИВТЕР РЕНЕССАНСЫ



Елнар КАБА (сәулелер)


ЗАНДЫЛЫҚ – ТӘРТІП ТІРЕГІ

Жалпы, жеке детективтік қызмет туралы жаңа заң жобасы жай ғана «андуға рұқсат беру» емес. Ол үш іргелі мақсатты көздейді. Біріншісі — дәлелдерді институционализациялау. Жинағаны сотта заңды күшке ие болса, азаматтардың құқықтарын қорғау мүмкіндігін кеңейтеді. Әйтпесе, қазіргі көлекелі детективтердің жинап берген айғақзаттарын сот қабылдамай тастап жатады. Қолданыстағы ескі заң бойынша дәйектемелер іздеу тек адвокаттардың сұрауымен жүзеге асады. Алайда молырақ табыс табу үшін өз мойнына көбірек істі алатын қорғаушылар айғақ іздеуге бас қатырмауы, уақытын кетірмеуі мүмкін.

Екінші игілік — қол сұғуды бақылау. Лицензия — тәртіп құралы. Ереже бұзған маман кәсібінен қуылады. Салада тәртіп болмаған соң, «сұр» детективтер ойына келгенін істейді. Отандық «детектив агенттіктерінің» бірі жазылушыларын бәсекелестерінің аңдуын өшкерелеуге үйретеді: «Бақылауға ілікпеніз не істеу керек? Дүрлікпеніз, алаңдағаныңызды аңғартпаңыз, көшеде келе жатқан бағытыңызды күрт өзгертеңіз. Барлық байқағаныңызды мұқият есте сақтап, біздің жеке детективімізге жүгініңіз. Оның бақылауды анықтай алатын дағдылары мен құралдары бар, өйткені оның өзі де мұндай әрекеттерді жеке тәртіпте, тәжірибеде қолданады», — деп сауат аша отырып, өзін жарнамайды.

Үшінші қажеттілік — заңды нарықты қалыптастыру. Осы сала маманының айтуынша, қазіргі кезде «жеке детективтер» заңдастырылған институты болмағандықтан, көбіне коллекторлық немесе күзет компаниялары арқылы әрекет етеді, сондай-ақ жеке сот орындаушысы, адвокат және басқа мамандықта істейді. Осы арқылы мемлекеттік ауқымды автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мен қаптаған дерекқорларға еркін қол жеткізеді. Парламент жаңа заңдар топтамасын қабылдаса, олар «жеке детектив» деген мөр мен қызметтік куәлік жасата алады. Заңды түрде агенттіктерге бірігіп, БСН-і, кенесі, сақтандыруы бар толыққанды кәсіп субъектісіне айналады.

Көлекеледегі детективтер өз қызметінің нақты бағасын телефонмен хабарламайды екен. Тарифі шамамен бірнеше жүз мың теңгеден бірнеше мың долларға дейін баруы мүмкін. Нақты соманы жеке кездесіп, мәнжайды білген соң жобалап айтады. Ақырғы сома келісімшартта бекітілмек: ол зерттеудің тереңдігіне, іздеу ауданына (шетелге сұрау сала алады), мәселенің күрделілігіне байланысты. Сондай-ақ детективтің қызметі бірнеше кезеңге және бөлікке бөлінеді. Әрқайсының қорытындысында ізкесуші клиентке



есеп береді және алдағы іс-қимылдың ауқымын, әлеуетті шығындар көлемін түсіндіреді. Зерттеуді одан әрі жалғастыру керектігін немесе осымен тоқтатудың қажетін тапсырыс беруші адам немесе компания шешеді.

ЛИЦЕНЗИЯЛЫ ЛУПА, ДИПЛОМДЫ ІЗШІ

Парламентшілер бұл кәсіп иелері қызметінің заңдастырылуын қолдайды. Мәжіліс депутаты Абзал Құспаннның пайымдауынша, тергеу ісі әкімшілік не бейресми қысымға душар болуы мүмкін жағдай болады, сонда қозғалған істің бір телефон қонырауымен-ақ «жабылып» қалу қаупі әрдайым сақталады. Бұл жекелеген адамдардың моральдық қасиетіне қатысты мәселе емес — тіпті дамыған елдердегі кез келген иерархиялық жүйеге тән құбылыс. Жоғарыда тірегі жоқ жәбірленушілер бұған қарсы тұру үшін детектив жалдап, тергеуші «таппаған» айғақтарды өз бетінше анықтауға мүмкіндігі болғаны жөн.

Депутаттың пікірінше, жеке детектив институтының пайда болуын баламалы қорғану тәсілдерін енгізуге жасалған талпыныс деуге болады. Қызметі заңды болса, детектив, әдетте, жұмысты нақты нәтижеге жеткізуге мүдделі болады. Әрине, оның жинаған деректері ресми тергеудің орнын алмастырмайды, бірақ қосымша дәлел көзіне айналып, қылмыстың ашылуына ықпал етуі мүмкін.

— Бұл саладағы қызмет нақты әрі түсінікті ережелермен реттелуге тиіс. Мысалы, детектив болуға үміткер ішкі істер органдарында немесе соған жақын құрылымдарда көп жыл қызмет етуі керек. Мұндай талап кездейсоқ адамдардың бұл салаға келу қау-

пін азайтып, нарықтың кәсіби деңгейін арттыра түседі, — деді Мәжіліс депутаты.

Сондықтан бір топ депутат «Жеке детективтік қызмет туралы» және «Кейбір заңнамалық актілерге жеке детективтік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларына бастамашы болды. Ішкі істер министрлігінің талдауында көрсетілгендей, Негізгі заңды қабылдау 2026 жылға жоспарланған.

Ведомствоның мәліметі бойынша, заң жобасында қазақстандық «шерлок-холмстарға» келесідей біліктілік талабы қойылмақ: біріншіден, жоғары заңгерлік білімнің болуы, екіншіден, үлкен тәжірибесі мен еңбек өтілінің болуы, яғни құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардың жедел-тергеу бөлімшелерінде кемінде 7 жыл істеуі немесе заңгерлік саласында кемінде 10 жыл еңбек етуі талап етілмек.

Үшіншіден, арнайы лицензия алуға міндеттеледі. Уәкілетті мемлекеттік орган заң талаптары бұзылған жағдайда жеке детективтің лицензиясын тоқтата тұруға немесе кері қайтарып алуға құқылы болмақ. Енгізілгелі тұрған қатаң мемлекеттік реттеу аясында азаматтар детективтің іс-қимылына қатысты мемлекеттік органдарға шағым жасауға мүмкіндік алады.

Төртіншіден, заң жобасында жеке детективтер мен агенттіктердің кәсіби жауапкершілігін міндетті түрде сақтандыру ұсынылды. ПІМ-нің түсіндіруінше, бұл тетік азаматтарға сапасыз қызмет көрсетілген жағдайда келтірілген залалды детективтен жеңілдетілген тәртіппен өндіріп алуға жол ашпақ. Детективтің сақтандыру полисіне шығаратын шығыны келесідей болады деп белгіленген: Астана, Алматы және Шымкенттің бірінің аумағында қызмет көрсетер болса, детективке арналған сақтандыру жарнасы — кемінде 1 000 АЕК-ті (2026 жылғы 4 325 000 теңге), облыстар аумағында әрекет етсе, кемінде 500 АЕК-ті (2 162 500 теңге) құрайды.

Айта кету керек, жуырда жеке детективтерді лицензиялау мәселесі Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралды. Отырысқа мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының және салалық бірлестіктердің өкілдері, Парламент өкілдері қатысты. Жиында Ішкі істер министрлігі жеке детективтерді лицензиялауды, олардың жұмыс орнына қойылатын талапты белгілеуді, сондай-ақ кәсіби жауапкершілікті міндетті сақтандыруды көздейтін реттеуші құралдарды енгізуді ұсынды.

— Қазіргі уақытта жеке детективтердің қызметі, соның ішінде жоғалған адамдарды іздеу, бақылау, азаматтық, әкімшілік іс бойынша дәлелдеме жинау іс жүзінде заңнамалық жағынан реттелмеген. Ұсынылып отырған шаралар азаматтардың құқығын қорғауға, білікті мамандардың қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік құпия және жеке өмірге қол сұқпау талабын сақтауға бағытталған, — деді Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әділов.

Ол жеке детективтердің кәсіби жауапкершілігін лицензиялау мен сақтандыру азаматтардың жеке өміріне араласу тәуекелін азайту, осы сала қызметінің ашықтығын арттыру үшін қажетті шарт екенін атап өтті. Бұл шаралар азаматтардың мүддесін қорғауға бағытталған өркениетті детективтік қызмет нарығын қалыптастыруға ықпал етеді. Отырыс қорытындысында ведомствоаралық комиссия «Реттеушілік әсерді талдау» нәтижелерін мақұлдады. Яғни, жаңа заң жобалары Үкімет пен кәсіпкерлік қауымдастықтың құптауына ие болды. Енді заңнамалық түзетулерді тездетіп Парламент қабылдаса, құп.

Ширек ғасыр бойы Қазақстанның құқықтық айдынында «бар, бірақ жоқ» деп саналған жеке ізкесушілер институты бүгінде заңсыздықтың тұманын сейілтп, ресми мәртебе алудың табалдырығында тұр. Жарнамасы жарқыраған, бірақ көлекелі ісі көмескі тартқан бұл жұмбақ сала енді «сұр аймақтан» шығып, «Заң мен тәртіп» аясында өркениетті нарықтың қатаң қағидаларына бағынбақ.

Елдос СЕНБАЙ

Қылмыстық кинохикаяларда әділет көбіне өткір ойлы, тегеурінді қимылды, батыл әрі ақылды детективтің табандылығы арқасында орнап жатады. Шынайы өмірде де, әсіресе, дамыған елдерде ізкесуші мамандар әділдікті қалпына келтіруде, шындықты ашуда үлкен рөл атқарады. Қазақстанда мұндай кәсіп иелері ресми түрде танылмады. Сондықтан Парламент пен ПІМ бұл олқылықтың орнын толтырып, заң қабылдауға, сол арқылы әділетті нығайтудың жаңа тетігін іске қосуға кірісті.

АШЫҚ АЛАНДАҒЫ ЖАСЫРЫН ІЗ

Қазақстанда азаматтар мен кәсіпкерлер құқықтық теріс салдардан еш қауіптенбей, жеке детективтің көмегіне ресми жүгіну мүмкіндігінен айырылған. Жеке ізкесуші институтын енгізу сонау 2010 жылы-ақ ұсынылған-тын, екі жылдан соң тиісті заң жобасы жетілдіруге жіберіліп, сол бойы жоғалды. 2015 жылы «Жеке детективтік қызмет туралы» заң жобасы Парламент Мәжілісінде қаралғанымен, белгісіз тосқауылға тап болып, қабылдануы белгісіз мерзімге кейінге қалды. Соның кесірінен, әлі күнге дейін республикада бейінді заң жоқ, бұл аталған салада құқықтық бос қуыстың қалыптасуына алып келіп отыр.

«Қазақстан Республикасында жеке детективтер институты жоқ. Соған қарамастан, интернет желісінде жеке тұлғалар тарапынан детективтік қызметтер көрсету туралы көптеген ұсыныс бар: оларды жүзеге асыру барысында азаматтардың конституциялық құқықтары бұзылуы мүмкін. Тиісті заңды қабылдау жеке детективтер мен детективтік агенттіктердің қызметін заңнамалық тұрғыдан реттеуге, сондай-ақ осы саладағы заң талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеуге мүмкіндік береді», — деп хабарлады Ішкі істер министрлігі.

Ұлттық статбюро да детективтердің барын мойындамайды. Сондықтан олар бойынша бірде-бір статистикалық мәлімет жоқ. Бір қызығы, интернеттен детектив іздеп табу — қиын шаруа емес. Іздеу сервистеріне сұрау енгізсеңіз, түрлі агенттік легі алдыңыздан самсап шыға келеді. Бұл жасырын жертөлелер, күнгірт форумдар, тіпті «даркнет» те емес — күн сәулесі түсіп тұрған ашық алаңдар. Әлеуметтік желіде белсенді парақшалары да, төл сайттары да бар.

Алайда осы сайттарға зер салсаңыз, елең еткізер бір сәйкессіздікті байқайсыз. Классикалық, әйгілі детектив романдары кейіпкерлерінің есімін иеленген агенттіктердің көбінде БСН-і көрсетілмеген, ресми тіркелген заңды атауы жазылмаған. Демек, қызмет бар, табыс бар, жарнама бар — бірақ құқықтық субъект жоқ. Ал субъект болмаған жерде жауапкершілік те көмескі. Бұл — кез келген құқықтық мемлекет үшін жүйелі тәуекелдің алғашқы нышаны.

Ұсынылатын қызмет түрінің ауқымы кен: «жұбайының опасыздығын тексеру», «есейген баланы бақылау», «алиментшіні табу», «туысқанды не ескі досты ізкесу», «адам артынан бақылау жүргізу», «бизнеске детективтік көмек», «өнеркәсіптік шпионажға» дейін қарастырылған. Жасырын аудио және бейне құрылғылар орнату, «нысанды» шетел аумағында аңду, стандартты тізімнен тыс «ерекше тапсырмаларды» орындау да ұсынылады. Сайттардың бірінде ашық жазылған: «Біздің детективтік агенттігіміз ПІМ-нің қылмыстық ізкесуші бөлімінің арнайы бөлімшелерінің және басқа да күштік құрылымдардың бұрынғы қызметкерлерінен құралған», — дейді ізкесуші агенттік.

ТАРАЗЫ

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБИ

Таяу Шығыстағы қақтығыс әлемдік мұнай нарығын тағы да алаңдатып қойды. Тіпті, The Economist басылымы Ормуз бұғазының жабылуын «Әлемдік экономикаға шабуыл» деп атады. Шабуыл салдарынан мұнай бағасы бір сәтте барреліне 120 долларға дейін көтеріліп, жаһандық энергетикалық жүйедегі әлсіз тұстарды айқын көрсетті. Бірақ бұл жағдай ұзаққа созылмауы мүмкін. Қазақстанның Ұлттық банкі сарапшыларының болжамынша, уақытша қымбаттаған мұнай бағасы кейін қайтадан төмендеп, барреліне шамамен 60 доллар маңына түсуі ықтимал.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Ұлттық банктің ақша-несие саясаты жөніндегі есебінде айтылғандай, биылғы жылдың алғашқы айларында мұнай бағасы жоғары болып тұруы мүмкін. Бұған Таяу Шығыстағы шиеленіс әсер етіп отыр. Сарапшылардың айтуынша, 2026 жылдың басында мұнай бағасының көтерілуіне тағы бір фактор әсер еткен. Бұл — Венесуэла мен кейбір елдерден мұнай жеткізілімі тоқтап қалуы мүмкін деген қауіп. Алайда мұндай жағдай ұзаққа созылмайды деп болжанып отыр.

Экономист Сапарбай Жобаевтың айтуынша, әлемдік нарықта мұнай бағасының өсуі Қазақстан экономикасына белгілі бір деңгейде оң әсер етуі мүмкін. Оның сөзінше, қазір мұнай баррелінің бағасы шамамен 100 доллардың маңында тұр. Қазақстан жылына шамамен 80 млн тонна мұнай өндірісе, соның 60 млн тоннаға жуығы экспортқа шығарылады. Сондықтан мұнай бағасының жоғары болуы ел бюджетіне түсетін табысты да арттырады.

АРАБ ЕЛДЕРІНЕН КЕЛЕТІН ИНВЕСТИЦИЯ АЗАЮЫ МҮМКІН

Экономист мұнайдан түсетін кіріс мемлекет үшін маңызды екенін айтады. Өйткені Қазақстанда әлеуметтік қолдауға мұқтаж азамат аз емес. Мұндай жағдайда мұнайдан түскен табыс әлеуметтік міндеттемелерді орындауға мүмкіндік береді.

«Қазақстан бюджетінің едәуір бөлігі мұнай табысына байланысты. Егер мұнай бағасы жоғары болса, мемлекетке түсетін кіріс те көбейеді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік төлемдерді көбейтуге мүмкіндік береді. Біздің елде 2-3 миллионға жуық әлеуметтік осал топқа жататын азамат бар. Соларға көмек көрсету — мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Сондықтан мұнайдан түсетін табыс, ең алдымен, халықтың әлеуметтік



ОРҒА ЖЫҚҚАН «ОРМУЗ БҰҒАЗЫ»

жағдайын жақсартуға жұмсалуды керек», — дейді экономист.

Сарапшы мұнай саласына инвестиция мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, Қазақстан мұнай өндіру саласына келетін қаржыға аса зәру емес, себебі бұл секторға қомақты инвестициялар бұрыннан салынып келеді. Қазір ел үшін маңыздысы — өндеуші өнеркәсіпті дамыту. Бұған дейін араб елдері Қазақстандағы көлік, логистика және коммуникация салаларына инвестиция салуға қызығушылық танытқан.

«Қазір Қазақстан мұнай саласына инвестиция таппай отыр деп айту қиын. Негізгі инвестициялар бұл салаға бұрыннан келген. Біз қазір өндеуші салаларды дамытуға көбірек көңіл бөліп жатырмыз. Араб елдері логистика, көлік және инфрақұрылым жобаларына қаржы салуға дайын болған. Соғыс жағдайы бұл жоспарларға белгілі бір әсер етуі мүмкін. Бірақ оның экономикаға аса үлкен соққы болады деп ойламаймын», — дейді Сапарбай Жобаев.

Экономистің пікірінше, алдағы жылдары Қазақстан мұнай өндірісін одан әрі арттыруға да мүмкіндігі бар. Мәселен, елде мұнай өндіру көлемін 100 млн тоннаға дейін жеткізу жоспары бар. Әсіресе, Теңіз кен орны жаңғыртудан кейін өндіріс көлемін айтарлықтай арттыра алады.

Сарапшы Қазақстан мұнайының өзіндік құны араб елдерімен салыстырғанда жоғары екенін де атап өтті. Егер араб елдерінде мұнай өндірудің өзіндік құны шамамен 20-25 доллар болса, Қазақстанда ол 40-45 доллардың шамасында. Сондықтан еліміз үшін мұнай бағасының 50 доллардан төмен түспеуі маңызды.

Сонымен қатар мұнай бағасының өсуі ұлттық валютаға да әсер етеді. Сарапшының айтуынша, мұнай қымбаттағанда елге келетін валюталық түсім көбейіп, теңгеге деген сұраныс артады.

«Мұнай бағасы өскен сайын Қазақстанға валюталық түсім де көбейеді. Бұл теңгеге сұранысты арттырады. Қазір базалық мөлшерлеме жоғары болғандықтан, көп адам ақшасын бизнеске емес, депозитке салуды тиімді көріп отыр. Оның үстіне, Ұлттық қордан да ай сайын жүздеген миллион

доллар сатылып жатыр. Осындай жағдайда теңге нығайып, доллар бағамы 495 теңгеге дейін төмендеді», — деп түсіндірді экономист.

БІЗДІҢ BLEND BRENT-ТЕН АРЗАН БА?

Finmentor қаржы сарапшысы Арман Батаевтың айтуынша, мұнай бағасының қымбаттауы ел бюджетіне қосымша табыс әкелуі мүмкін. Өйткені Қазақстанның бюджеті Brent мұнайының бағасы шамамен 60

бюджетке қосымша табыс әкелуі мүмкін», — дейді сарапшы.

Сарапшылардың айтуынша, мұнай бағасының өсуінен ірі халықаралық мұнай компаниялары да пайда көріп отыр. Teniz Capital бағалауынша, ConocoPhillips пен Occidental Petroleum сияқты компаниялардың акциялары өсім көрсеткен. Ал Қазақстанда бұл жағдайдан «ҚазТрансОйл» мен «ҚазМұнайГаз» компанияларының акциялары ұтуы мүмкін.

Дегенмен геосаяси шиеленістің кері әсері де бар. Энергия

Қазақстан жылына шамамен 80 млн тонна мұнай өндірісе, соның 60 млн тоннаға жуығы экспортқа шығарылады. Сондықтан мұнай бағасының жоғары болуы ел бюджетіне түсетін табысты да арттырады.

доллар болады деген есеппен жасалған еді. Ал қазір нарықтағы баға бұдан әлдеқайда жоғары деңгейде тұр.

Сарапшы сондай-ақ Қазақстан мұнайының бағасы да ерекше жағдайда қымбаттап отырғанын айтады. Бұрын еліміздің экспорттық CPC Blend мұнайы әлемдік эталон саналатын Brent-тен арзан сатылатын. Қазір керісінше, кей жағдайда одан да жоғары бағаммен саудаланып жатыр. Бұл — Парсы шығанағындағы тасымал қиындап, қақтығыс аймағынан тыс мұнайға сұраныс артқанын көрсетеді.

Арман Батаевтың пікірінше, қазіргі жағдай Қазақстан үшін белгілі бір экономикалық мүмкіндікке айналып отыр.

«Қазір мұнай нарығында әдеттен тыс жағдай қалыптасты. Бұрын Қазақстан мұнайы Brent-тен арзандау сатылатын, ал қазір кей кезде керісінше қымбат бағаланып жатыр. Мұның себебі — Парсы шығанағындағы тұрақсыздық пен жеткізілімнің қиындауы. Нарық қақтығыс аймағынан тыс жеткізілетін мұнайды көбірек бағалай бастады. Қазақстан дәл осы жағдайда сенімді жеткізушілердің бірі болып тұр. Сондықтан мұнай бағасының өсуі біздің

бағасы қымбаттаған кезде ең алдымен авиация саласы зардап шегеді. Соңғы күндері бірқатар ірі әуе компаниясының акциялары төмендеп, әлемдік қор индекстерінде де құлдырау байқалған.

МҰНАЙ ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Ұлттық банк мамандарының пікірінше, алдағы уақытта мұнай бағасына керісінше қысым түсуі мүмкін. Себебі әлемде мұнай ұсынысы көбейіп келеді. АҚШ, Бразилия, Гайана, Аргентина және Сауд Арабиясы сияқты ірі өндіруші елдер өндірісті арттыруды жоспарлап отыр. Оның үстіне, 2025 жылы жиналып қалған мұнай қоры да аз емес.

«Қазір нарықта мұнай тапшылығы байқалып тұрған жоқ. Керісінше, кейбір елдер өндірісті көбейтіп жатыр. Сондықтан уақыт өте келе бағаға ұсыныстың көптігі әсер етуі мүмкін», — деп түсіндіреді мамандар.

Сарапшылардың айтуынша, алдағы жылдары Қытай стратегиялық мұнай қорын толықтыруды жалғастырады. Сонымен бірге Үндістанда, Таяу Шығыс елдерінде және Африкада да мұнай тұтыну көлемі өседі деп күтілуде.

Ұлттық банк мұнай бағасына қатысты бірнеше түрлі сценарийді де қарастырған. Ең жақсы жағдайда 2026 жылы Brent мұнайының орташа бағасы барреліне шамамен 77-78 доллар болуы мүмкін. Кейін ол 80 долларға дейін көтерілуі ықтимал. Ал ең қолайсыз сценарийде жағдай басқаша өрбуі мүмкін.

«Егер нарықта мұнай ұсынысы күрт көбейсе немесе әлемдік экономика баяуласа, мұнай бағасы айтарлықтай төмендеуі ықтимал. Мұндай жағдайда 2026 жылы Brent барреліне шамамен 47 доллар болуы мүмкін, кейін 40 доллар деңгейіне дейін түсуі де ғажап емес», — дейді сарапшылар.

Energy Monitor сарапшылары да Таяу Шығыстағы жағдай ушығып тұрғанымен, Азия елдері әзірге мұнай тапшылығын бірден сезінбеуі мүмкін. Өйткені бұл мемлекеттерде алдын ала жиналған мұнай қорлары бар. Сарапшылардың айтуынша, есепке алынған қорлардың ішінде тек мемлекеттік стратегиялық резервтер ғана емес, мұнай компанияларының жеке қоймаларындағы мұнай да бар. Сондықтан қысқа мерзімде нарықтағы жағдай қатты өзгермеуі мүмкін.

Дегенмен сарапшылар жағдай ұзаққа созылса, мұнай бағасы күрт өсуі ықтимал екенін ескертеді. Әсіресе, Ормуз бұғазы арқылы мұнай тасымалы шектелсе, әлемдік нарықтағы тепе-теңдік бұзылып, баға тез көтерілуі мүмкін.

«Қазір көптеген елде мұнайдың стратегиялық қоры бар. Сол себепті нарық бірден дүрлігіп кеткен жоқ. Бірақ шиеленіс ұзаққа созылып, Ормуз бұғазы арқылы танкерлердің қозғалысы қиындаса, мұнай бағасы айтарлықтай өседі. Себебі әлемдік жеткізілімнің үлкен бөлігі дәл осы бағыт арқылы өтеді. Сондықтан бұл аймақтағы қауіпсіздік бүкіл әлемдік мұнай нарығына әсер етеді», — дейді Energy Monitor сарапшылары.

Сарапшылардың дерегінше, Азиядағы кейбір елдерде жиналған мұнай қоры бірнеше айға жетеді. Мысалы, Жапониядағы резервтер шамамен 254 күнге, Оңтүстік Кореяда 208 күнге, Қытайда 200 күнге жетуі мүмкін. Ал Үндістанда бұл қор 74 күнге, Тайландта 61 күнге, Филиппинде 60 күнге жетеді. Индонезия мен Вьетнамда мұнай қоры салыстырмалы түрде аз — тиісінше 20 және 15 күн шамасында ғана.

Сарапшылардың айтуынша, бұл елдердің барлығы Таяу Шығыс мұнайының негізгі сатып алушылары саналады. Ал қазіргі қақтығыс дәл осы өңірде жүріп жатқандықтан, әлемдік энергетикалық нарықтағы тәуекел де арта түсті.

Мәселенің негізгі түйіні — Ормуз бұғазы. Бұл Иран мен Оман арасындағы өте тар теңіз өткелі. Әлемде теңіз арқылы тасымалданатын мұнайдың шамамен төрттен бір бөлігі дәл осы бұғаз арқылы өтеді. Сонымен қатар сұйылтылған табиғи газдың да едәуір бөлігі осы бағытпен жеткізіледі. Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Кувейт, Ирак және Катар сияқты ірі мұнай өндіруші елдердің экспорты да осы маңызды «энергетикалық дәліз» арқылы әлемдік нарыққа шығады. Сондықтан бұл аймақтағы кез келген шиеленіс бүкіл әлемдегі мұнай бағасына әсер етуі мүмкін.

НАРЫҚ

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Елде халық көп тұтынатын азық-түлік өнімдері қымбаттап барады. Әсіресе, ет, сүт, май, ұн өнімдерінің құнына тоқтау болмай тұр. Нарықта импортқа тәуелділік, өңдеуші өнеркәсіптің аздығы, бәсекелестіктің болмауы бағаның өсуіне соқтырып жатқандай.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы таяудағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында ауыл шаруашылығы бағытындағы шикізатты терең өңдеу, азық-түлік импортына тәуелділікті азайтып, бағаның өсуін реттеп, тамақ өнеркәсібін дамытуды тапсырды.

— Шикізатты терең өңдеу — ауыл шаруашылығына да қатысты өте өзекті мәселе. Агроөнеркәсіп кешенін қолдау шаралары қордаланған мәселелерді шешу үшін емес, тек осы саладағы жалпы өнімді арттыру үшін қабылданып жатыр деуге болады. Соның салдарынан әлі күнге дейін азық-түлік импортына тәуелді болып отырмыз, баға да өсуде... Үкімет бизнес қауымдастығымен бірлесе отырып, тамақ өнеркәсібін дамытуға қатысты жүйелі шаралар қабылдауға тиіс, — деген болатын Президент.

ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ТҰЗАҒЫ

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2023 жылы азық-түлік бағасы шамамен 8,5%-ға өскен. 2024 жылы азық-түлік инфляциясы 5,5% болды. Ал былтыр 13,5%-ға көтерілген. Салыстырмалы түрде жылдан жылға, азық-түлік бағасы қымбаттап барады. Жыл басынан бері халық көп тұтынатын өнімдері 23%-ға, шұжық өнімдері 19%-ға, алкогольсіз сусындар 16,8%-ға, сүт өнімдері 10-12%-ға, нан өнімдері 8,5%-ға, қант 7,9%-ға өсті.

Finprom.kz мәліметінше, қазақстандықтардың тұтынушылық шығындарының шамамен 57,2%-ы азық-түлікке жұмсалады. Бұл пандемиядан кейінгі ең жоғары көрсеткіш болып отыр және дамыған елдермен салыстырғанда бірнеше есе жоғары. Шетелдіктер азық-түлікке табыстың тек 10-15%-ын жұмсайды екен. Демек, азық-түлік өнімдерінің артуында едеуір өсім бары рас.

Мәжіліс кулуарында Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің өзі де азық-түліктің қымбаттағанын ішінара мойындаған еді.



АЗЫҚТЫҢ САЛМАҒЫ АЗ БОЛМАЙ ТҰР

— Біз барлық азық-түлік түрімен өзімізді толық қамтамасыз ете алмаймыз. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша өзімізді 70-90 пайыз аралығында қамтамасыз етеміз. Тек әлеуметтік маңызы бар өнімдерді ғана емес, басқа да тауарларды тұтынатын адамдар олардың импорттық болуы мүмкін екенін түсінуі керек. Бүкіл әлемде азық-түлік бағасы өсіп жатыр. Азық-түліктің басым бөлігін Ресейден аламыз. Соған орай импорт инфляцияға әсерін тигізеді. Сондықтан қосылған құн салығының 4 пайызға өсуін бәріне кінәлі деу дұрыс емес, — деген болатын вице-премьер.

Әйтсе де, Sana business академиясының негізін қалаушы, белгілі қаржы сарапшысы Мақсат Халық болса, азық-түлік бағасының негізсіз шарықтауының себебін қосылған құн салығының көтерілуімен байланыстырады.

— Азық-түлік бағасының үнемі қымбаттауы инфляцияға тікелей қатысты. ҚКС-ның 16%-ға көтерілуінен бағалар да өсуде. Шаруаларға жағдай жасалмаса, баға өсіп, Ресей, Беларусь жалпы шетел өнімдері көбейе береді. Яғни, шаруаға тұқым жеткізіп беріп, ғылыми-зерттеулердің нәтижесін қолданысқа енгізіп, шөлейтті жерлерге төтеп беретіндей өнімдер өсіру, жылыжайларға тамшылатып суаруды үйлестіру, газбен жылыту, заманауи қоймалар салу, субсидияны әділ бөлу сияқты істерді қолға алу керек. Шаруаның өнімі нарыққа жеткенше делдалдардың қолына түсіп, үстеме бағада сатылуда. Ең негізгісі — делдалмен күрес жүрмейді. Соның салдарынан халық әлеуметтік маңызы бар азық-

түлікті қымбатқа алуға мәжбүр. Жұмысты дұрыс үйлестірсек, баға әп-сәтте тұрқалады, — дейді қаржы сарапшысы.

Жуырда Үкіметте инфляция және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының жағдайы қаралды. Баға өткен желтоқсандағы 13,5%-дан қаңтарда 12,9%-ға, ақпанда 12,7%-ға дейін төмендеді. Бұл арада экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Сапарбай Жобаевтың пайымы сәл басқаша. Білікті экономист азық-түлік бағасының жиі көтерілуін латифундистер мен олигархтардың әртүрлі жолмен субсидияны қармап қалуымен ұштастырады. Ол атқамінерлердің бағаны әкімшілік күшпен тұрақтандыруы дұрыс емес деп санайды. Бұндай келенсіз әдіс шаруаның ісін тұрақтатып тұрғандай.

— Қазақстанда азық-түлік бағасының қымбаттауы қалыпты жағдайға айналды. Дүниежүзілік банктің есебі бойынша, 2 миллиард жуық әлеуметтік көмекке мұқтаж жан бар. Оларға да жәрдем қарастырылуы қажет. Халықаралық валюта қорының алдында әлеуметтік нарықтың экономикаға көшсек те, бағаны жоғарыдан белгілеу әлі тыйылмады. Ұн, нан, ет-сүттің бағасын көтермей ұстап тұрамыз деген бос желеумен 1 трлн-ға жуық субсидияның 90 пайызын латифундистер мен олигархтар қармады. АӨК тікелей әсер ететін жанаржағармай, коммуналдық төлемдерді қолдан өсірген соң, тағам өнімдері де күрт көтеріледі. Бұл айналып келгенде халықтың табысына салмақ салып отыр. Бағаны еркіндікке жіберсе, азық-түлік бағасы түсіп кетуі де мүмкін.

Антимонополияға жауаптылар бағаға араласса дейміз. Былтыр картопты тапшы деп, 400-500 теңгеге қолдан көтеріп едік, тиімсіз болды. Ақыры фермерлер араласып жүріп, бүгінде еркін айналымда картоп 180-220 теңгеден сатылуда. Осындай еркін бәсекелестік айналымда болғандықтан, сәбіз, пияз да арзан. Әлеуметтік нан — 110 теңгеден сатылса да, халық еркін айналымдағы сапалы нанды 220-230 теңгеден сатып алуда. Етке квота белгілепті, сонда фермер етін сатуы үшін әкімдік жағалап жүре ме, әлде бизнесін өркендетіп, пұлдай ма? Өнімін өткізуге рұқсат алу ісінде жемқорлық фактілері туындап кетуі ықтимал ғой. Жалақы, әлеуметтік төлемдер көбеймей, азық-түлік құнының шарықтауы — абсурд, — дейді экономист.

ҚОЛДАУ, КЕМШІЛІК ТЕ ЖОҚ ЕМЕС

ҰСБ дерегіне, 2026 жылғы ақпандағы жылдық мәндегі инфляция 11,7%-ды құрады.

басшысы Болат Әлдебайұлы азық-түлік тауарларын өндіретін шаруалардың базанысын жүйелі түрде тыңдап, бірлесіп шешу керек деп санайды.

— Ет, сүт бағытындағы шаруашылықтарды ұлғайтуға болады. Ол үшін кооперация тетіктерін жеңілдету керек. Өйткені кезінде кооператив құрамыз деп, бірікпей, кейін шығынға батып, жоқ кәсіптің кредитін әлі төлеп отырғандар бар. Бүгінде шаруаның техникасын алуға 5 пайыздық жеңілдік беріле бастағаны қуантады. Енді мал алуға 5 пайыздық жеңілдетілген несие беріліп, «Даму» қоры арқылы 85 пайызына дейін кепілдендірілсе, шаруа алға басады. Ел ішінде егін егіп, мал ұстап, бордақылап, кәсіп еткісі келетіндер көп. Көбісі бизнес жоспарын дұрыс құра алмай, жеңілдік алудың жолын білмей, кәсіптің көзін таппай жүр, — дейді фермер.

Сауда және интеграция министрлігінің ресми өкілі Тойгүл Жұбанисованың айтуынша, елдегі азық-түлік бағысының тұрақтандырылуы бойынша атқарылып жатқан іс көп.

— Елде 2025-2028 жылдарға арналған инфляцияны бақылау және төмендету бойынша шаралар кешені жүзеге асырылуда. Жыл басынан бері өңірлерде 179 отырыс өткізіліп, сауда үстемесін асыра қолданғаны үшін 576 әкімшілік қаулы шығарылды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына 15%-дық сауда үстемесінің сақталуы бақылауда. Көкөніс өнімдері бойынша ішкі нарықтағы жағдайды тұрақтандыру үшін Иран, Пәкістан, Әзербайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түрікменстаннан жеміс-көкөніс өнімдерін импорттаудың жеңілдетілген тәртібі бар. Геосаяси жағдайлар да ескеріліп отыр. СІМ мен АШМ арасында бағаны тұрақтандыруға байланысты меморандум жасалды. Мал өсірушілер одағымен меморандум пысықталып жатыр. Қазір фермерлер сыыр етін тікелей Magnum Cash & Carry және Small сауда желілеріне 2900-3100 теңгеден сата алады. Сонымен қатар әлеуметтік бұрыштарда еттің бөлшек саудадағы бағасы 3 700 теңгеден аспауға тиіс. Ал Құс өсірушілер одағымен әлеуметтік дүкендерде жұмыртқа құнын 55 теңгеден асырмауға келістік. Отандық қант зауыттарын шикізатпен қамтамасыз ету және қолжетімді қант өндіру мақсатында 2026 жылдың соңына дейін Қазақстанға 100 мың тоннаға дейінгі шикі қант импортына кедендік баж салығын нөлге теңестіру туралы шешім қабылданды, — деді министрлік өкілі.

Қорыта айтқанда, ең алдымен шенділер азық-түліктің қымбаттауын жаһандық үрдіске байланысты байқалды. Дегенмен бағаға импорт үлесінің мол болуы да септесіп отырғаны анық. Атқарылып жатқан іс аз емес, әйтсе де азық-түлік бағасының өсімін әзірге тек қолдан ұстап отырғанымыз шындық.

Азық-түлік тауарларының бағасы 12,7%-ға өскен. Жылдық мәнде көк шөптер (көк пияз, аскөк, ажжелкен) — 7,6%, кәді — 6,2%, күріш — 4,3%, қырыққабат — 1,5%-ға арзандады. Мейіз — 8,8%, тәтті пемченелер — 8,5%, бал — 7,2%, құрма 5,8%-ға қымбаттады. 2026 жылғы ақпандағы инфляцияның айлық деңгейі 1,1%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 1,3%-ға қымбаттады. Дәлірек, азық-түлік өнімдері арасында қиярдың бағасы — 3,9%, пияз — 3,2%, апельсиндер — 0,9%, тауық — 0,6%, сүйексіз сиыр еті 0,2%-ға ғана төмендеді. Ал консервіленген жүгері



Қазақстандықтардың тұтынушылық шығындарының шамамен 57,2%-ы азық-түлікке жұмсалады. Бұл пандемиядан кейінгі ең жоғары көрсеткіш болып отыр және дамыған елдермен салыстырғанда бірнеше есе жоғары.

бағасы — 8,6%, минералды су бағасы 6,8%-ға көтерілді.

Аграрлық несие корпорациясы дереккөздеріне сүйенсек, бүгінге дейін 2026 несие серіктестігі құрылыпты. Бұл 20 мыңға жуық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді біріктірген. Кредиттік серіктестіктер арқылы фермерлерге 288 миллиард теңгеге 40 мыңнан астам несие берілген көрінеді. Яғни, мемлекет тәрпынан қолдау бар. Дейтұрғанмен, әкімшілік кедергілер әлі де толық жойылмағанға ұқсайды. «Олжа» шаруа қожалығының

ТЫНЫС

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



Алматыда референдум қарсаңында Тәуелсіз байқаушылардың ақпараттық штабы өз жұмысын бастады. Бұл туралы Қоғамдық коммуникациялар орталығының алаңында өткен брифингте мәлім болды.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Аталған штаб саяси науқан қорытындысы жарияланғанға

дейін елдегі дауыс беру барысы туралы сүзгіден өткен шынайы ақпаратты жедел таратуды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ референдум күні YouTube желісіндегі Independ.kz арнасында штаб

АҚПАРАТТЫҚ ШТАБ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

жұмысы тікелей эфирде көрсетіледі. Ақпараттық штабтың негізгі қызметі мен ауқымы туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, медиаменеджер Нұржан Жалауқызы айтып берді.

— Тікелей эфир барысында YouTube платформасы арқылы үш мегаполис пен оннан астам өңірден тәуелсіз журналистер сайлау учаскелерінен тікелей байланысқа шығып, дауыс беру процесінің қалай өтіп жатқанын және тұрғындардың көңіл күйін жеткізіп отырады. Біз қоғамға тек тексерілген ақпарат ұсынуды көздейміз. Егер күмәнді немесе нақтылауды қажет ететін ақпарат келіп түскен жағдайда, олар арнайы сарапшылардың көмегімен тексеріледі, — деді Нұржан Мұхамеджанова.

Осыған дейін біршама тәуелсіз бақылаушы Ақпараттық штаб құру бастамасын қолдап, жұмысқа қатысуға ниет білдірген. Алғашқылардың бірі болып Алматы қаласындағы 6 үкіметтік емес ұйым ақпараттық алаңда арнайы брифинг өткізді. Қазір тәуелсіз бақылаушылар коалициясының құрамында мегаполис бойынша 2,5 мыңнан астам бақылаушы бар.

— Коалиция өкілдері еліміздің өзге өңірлерінде де жұмыс істейді. Референдум күні Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан, сондай-ақ Қазақстанның оннан астам өңірінен тікелей қосылымға шығады. Біз байқаушылардың жұмысы туралы ақпарат тарату үшін арнайы алаң ұсынуа дайынбыз.

Қазіргі уақытта референдумға қатысты түрлі жалған ақпараттар мен фейктер таралып жатыр, олардың арасында бойкот жасауға шақыратын үндеулер де кездеседі. Сондықтан объективті әрі жедел ақпарат беру үшін Қоғамдық коммуникациялар орталығы базасында ақпараттық штаб құрылды, — деді Тәуелсіз байқаушылардың ақпараттық штабының басшысы Рафаэль Гасанов.

Брифинг соңында қатысушылар референдум кезінде ақпаратты жауапкершілікпен тарату мәселесіне тоқталды. Олар көпшілікті заң мен қоғамдық тәртіпті сақтауға, арандатушылық әрекеттерге ермеуге және сенімді дереккөздерге сүйенуге үндеді.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ ӨЗГЕРМЕЙДІ: ТІРКЕУ ТӘСІЛІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

12 наурыздан бастап елімізде «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске (№257-VIII заң) енгізілген түзетулер күшіне енді.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Жанартылған Әкімшілік кодекстің 31-бабында цифрлық жүйелер арқылы анықталған құқықбұзушылықтар бойынша хаттама толтырмай-ақ, тікелей айыппұл салу қарастырылады деп көрсетілген. Мұндай жағдайда деректер әкімшілік өндірістің бірыңғай реестрімен интеграцияланған жүйелер арқылы өңделетін көрінеді. Бұрын бұл тек жол-көлік саласына қатысты болатын. Яғни, бұған дейін жылдамдықты асыру, қызыл шамға өту секілді бұзушылықтар үшін автоматты айыппұлдар тіркелетін болса, енді айыппұл салу кез келген әкімшілік құқықбұзушылыққа қатысты қолданылады.

Ал бұл өзгерістер айыппұлдар түрін автоматты түрде көбейтуі мүмкін. Мәселен, көшеге қоқыс немесе темекі тұқылын тастау (айыппұл мөлшері 43 250 теңгеге дейін өскен), тыйым салынған жерде темекі шегу, жолды белгіленбеген жерден кесіп өту, алкогольді түнгі уақытта немесе кәмелетке толмағандарға сату ақылды бейнебақылау арқылы анықталып тіркелсе, автоматты түрде айыппұл жазылады.

Жалпы, елімізде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында цифрлық бақылау күшейтілген. Былтыр Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха республика аумағында автоматты камералар желісі кеңейтіліп, олардың саны 25 мыңға жеткенін айтқан болатын. Оның айтуын-

ша, 2025 жылы дрондар арқылы ереже бұзудың 3,6 мың дерегі анықталған, оның ішінде қарсы жолаққа шығудың 1 мың, қауіп тудырып басып озудың 300 фактісі тіркелген. Цифрлық бақылау немесе қоғамдық тәртіп пен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасанды интеллектті қолдану әлемнің көптеген елінде бар. Мысалы, Қытайда камералар бет-әлпетті тану технологиясымен жұмыс істейді. Жаяу жүргінші қызыл шамға өтсе немесе қоқыс тастаса, жүйе бірнеше секунд ішінде тұлғаны анықтайды. Айыппұл электронды әмияннан автоматты түрде алынуы мүмкін. Сингапурде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін жасанды интеллект жүйелері мен роботтар пайдаланылады. Олар темекі шегу, қоқыс тастау, заңсыз сауда жасау сияқты құқықбұзушылықтарды тіркейді.

Мамандардың түсіндіруінше, мұндай өзгерістер алдын алу сипатында және ең алдымен адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, құқықбұзушылықтарға жол бермеуге, қоғамдық орындар мен тұрғын үй аумақтарында қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. ІІМ ӘПК-нің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранова:

— Аталған өзгеріс технологиялардың дамуына және процесстердің цифрландырылуына байланысты енгізілді. Негізгі мақсат — заманауи техникалық шешімдерді қолданып, жол қауіпсіздігін арттыру және құқықбұзу-



шылықтардың алдын алу тиімділігін күшейту. Маңыздысы: жаңа тыйым енгізілмейді. Тек бұрыннан бар құқықбұзушылықтарды анықтаудың техникалық мүмкіндіктері кеңейтіледі. Бұған дейін рөлде отырып телефон пайдалану, қауіпсіздік белдігін тақпау сияқты құқықбұзушылықтарды полиция қызметкерлері тікелей анықтаса, енді оларды заманауи техникалық құралдар арқылы тіркеуге болады. Яғни, заң талаптары өзгермейді — тек оларды тіркеу тәсілдері жаңартылады, — деді.

Маманның нақтылауы бойынша, бұрын автоматты режимде алты түрлі құқықбұзушылық тіркелетін, олар: жылдамдықты арттыру, бағдаршамның тыйым салынған белгісіне өту, жол белгілері мен таңбаларының талаптарын сақтамау, тоқтау және тұру қағидаларын бұзу, озу және жолдың жүру бөліктерінде орналасу қағидаларын бұзу, жаяу жүргіншілерге жол бермеу. Қалған құқықбұзушылықтар тек полиция қызметке-

рінің қатысуымен анықталатын. Енді заңнамада құқықбұзушылықтарды тіркеудің үш тәсілі көзделген.

— Біріншісі — қолданыстағы бейнекамералар. Екіншісі — автоматты тіркеу жүйелері, арнайы өлшеуді қажет етпейтін өзге де бұзушылықтарды анықтай алады, мысалы, рөлде телефон пайдалану немесе белдікті тақпау. Үшіншісі — Әкімшілік құқықбұзушылықтың бірыңғай тізілімі жүйесімен біріктірілген мемлекеттік деректер базаларын пайдалану. Бұл құжаттарға қатысты бұзушылықтарды автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді, яғни техникалық байқаудың мерзімінің өтуі, сақтандыру полисінің болмауы, қаруды сақтауға берілген рұқсат мерзімінің аяқталуы және басқа да жағдайлар. Сонымен қатар заңнамада ескерту қарастырылған құқықбұзушылықтар бойынша жүйе автоматты түрде ескерту шығара алады. Бұрын ол үшін полиция қызметкерінің қатысуы және істі қолмен рәсімдеу қажет еді.

Мысалы, жолда кептеліс тудыру, сыртқы жарық құралдарын дұрыс пайдаланбау және басқа да жолда жүру қағидаларын бұзу жағдайлары. Кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында таралған автоматты камералар жаяу жүргіншілерді жауапкершілікке тартады деген ақпарат шындыққа сәйкес келмейтінін хабарлаймыз. Бұл жүйелер тек көлік жүргізушілері тарапынан жасалған жолда жүру қағидаларын бұзуды анықтауға арналған. Жалпы алғанда, енгізілген өзгерістер қоғамдық және жол қауіпсіздігін арттыруға, құқықбұзушылықтардың алдын алуға және ауыр зардаптардың тәуекелін төмендетуге бағытталған. Цифрлық шешімдерді қолдану қауіпті мінез-құлықты дер кезінде анықтауға және азаматтардың өмірі мен денсаулығына төнетін қатердің алдын алуға мүмкіндік береді, — деді аға инспектор.

Дегенмен қоғамда камералар немесе дрондар адамдардың жеке деректерін сақтай ма және оларда деректердің қауіпсіздігі ескерілген бе, цифрлық жүйелер қателесіп, азаматтарды өбігерге салмай ма деген күдіктің де барын айтуымыз керек. Сала мамандары бұл тұрғыда кейбір камералар мен дрондар адамдардың жеке деректерін сақтауы мүмкін, бірақ бұл олардың түріне, функциясына және қалай пайдаланылатынына байланысты екенін айтады.

— Заң тұрғысынан қарайтын болсақ, көптеген елде және біздің елімізде де жеке деректерді жинау мен сақтау бойынша арнайы заңдар бар. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» қолданыстағы заңға сәйкес адамның жеке деректерін рұқсатсыз жинауға болмайды, оларды қауіпсіз сақтау міндетті, деректер тек нақты мақсат үшін қолданылуы керек, — дейді IT маман Мейіржан Әуелханұлы.

14 НАУРЫЗ – КӨРІСУ КҮНІ

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Қыраулы қыстан аман шыққан қазақ халқы көктемді бұрыннан бір-бірінің аман-саулығын сұраудан бастаған. Рухани жаңғыру мен кешірім мерекесі саналатын көрісу күнінің тәрбиелік мәні зор. Бұл күні ел-жұрт бір-біріне «Бір жасың құтты болсын!», «Амал мерекесі құтты болсын!», «Амалға аман жетуіңізбен!» деп ақжарма тілегін айтады. Амал мерекесінің мән-маңызы жыл өткен сайын артып келе жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Күні кеше Ұлттық музейде Наурызнама онкүндігі шеңберінде «Амал мерекесі – ізгілік пен бірліктің белгісі» атты мәдени-танымдық іс-шара өтті.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ДҮНИЕ ЖАҢАРАТЫН КҮН

Тағылымға толы іс-шара Көрісу күні – Амал мерекесінің тарихи және мәдени маңызын кенінен таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен қоғамдағы ізгілік пен бірлік идеяларын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Біз білетін Көрісу күнінің тарихы туралы халық арасында әртүрлі болжам мен пікірлер бар. Ерте заманда қатынайтын негізгі көлік құралы ат пен арба болғандықтан, қыстың ұзақ әрі қатал кезінде, кейде үш айдан алты айға дейін екі жақтағы жұрт бір-бірімен байланыса алмаған. Көктем келіп, қар еріп, күн жылынғанда, ана ауыл мен мына ауылдың адамдары қайта қауышып, бір-бірімен көрісетін болған. Бұл кезең көбіне наурыз айының ортасына тұспа-тұс келіп, осылайша, Амал мерекесі, яғни Көрісу күні қалыптасты деген болжам айтылады. Танымдық іс-шарада осындай игі мерекенің маңызы айтылып, дәстүрлі рәсімдер таныстырылды. Қонақтар қазақ халқының бата беру, үлкенге құрмет, кішіге ізет таныту, қол алысып көрісу секілді ұлттық салт-дәстүрлердің сахналық көрінісіне куә болды.

Мерейлі жиында Ұлттық музей қызметкерлері, музей қонақтары мен өнерпаздар қатысты. Атап айтсақ, «Бозок» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, «Геральдикалық зерттеулер орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі мен ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының қызметкерлері, Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ Достық үйі өкілдері арнайы қатысып, ҰҚК Шекара қызметінің ансамблі, Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Наз» мемлекеттік би театрының әншілері, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері өнер көрсетіп, мерекелік іс-шараның сәнін келтірді. Жиын басында Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы Амал мерекесін татулық пен бауырмалдықты дәріптейтін ерекше күн деп атап, қонақтарды Наурыз мейрамының алғашқы күнімен құттықтады.

– Сіздерді қазақтың дәстүрлі жыл қайыруы бойынша жаңа жылдың басталуымен құттықтай-



Амалмен КЕЛГЕН АМАНДЫҚ



мын. Халқымыздың есебі бойынша бүгін – наурыз мерекесінің алғашқы күні. Бүгін қазақтың дәстүрлі жыл санауы бойынша жаңа жылдың бастауы саналатын Наурыз айының алғашқы күні. Бұл күн халқымыздың көне дәстүріндегі Амал мерекесімен де тұспа-тұс келеді. Наурыз – табиғаттың жаңарып, күн мен түн теңелетін шағы, халқымыздың рухани жаңғырып, ұлттық құндылықтарын қайта дәріптейтін ерекше кезең. Бұл күндері адамдар бір-бірімен көрісіп, амандық сұрасып, өкпенің ұмытып, ағайын-туыс, көрші-қоланның арасын жақындата түседі. Көрісу амалы – қыстан аман шыққан елдің бір-біріне деген құрметті білдіріп, татулық пен ынтымақты нығайтатын игі дәстүр. Ол адамдардың өзара сыйластығын арттырудан бөлек, табиғатқа, қоршаған ортаға деген жылы қарым-қатынасты да қалыптастырады. Наурыз – ұлтты ұйыстыратын, елді бірлікке шақыратын, өткен мен бүгінді жалғайтын мереке. Сондықтан бұл мейрам әр шаңыраққа шаттық, береке мен молшылық әкеліп, халқымыздың бірлігі мен болашағының жарқын болуына қызмет етсін. Наурыз құтты болсын! – деп лебізін білдірді Ұлттық музей директоры Б.Әбдіғалиұлы.

Амал мерекесі – татулықты, бауырмалдықты және өзара құрметті нығайтатын ежелгі дәстүрлердің бірі. Десе де, бұл ғұрыптың нақты қай кезеңде пайда болғаны туралы ғылыми тұрғыдан жүйеленген тұжырым әлі толық қалыптаспаған. Сондай-ақ оның алғаш қай өңірде кенінен таралып, қай уа-

қыттан бастап дәстүрлі түрде атап өтіле бастағаны жөнінде де нақты деректер аз кездеседі. Соған қарамастан бұл күн ұрпақтар сабақтастығын жалғап, ұлттық бірегейлікті сақтауға қызмет ететін маңызды рухани құндылық ретінде ерекшеленеді. Ата-бабадан қалған асыл мұраны қадірлейміз десек, ежелден келе жатқан мерекені ел ішінде кенінен насихаттауымыз керек. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қатысушысы Анипа Ибраева да осындай пікірде.

– Біраз уақыт ұмыт қалып, халық жадынан алыстай бастаған бұл мереке бүгінде қайта жаңғырып, ел арасында кенінен дәріптеле бастады. Қыстың қытымыр суығынан



аман шыққан халық бір-бірімен қауышып, мәре-сәре болып төс қағыстырып көріскен. Бұл дәстүр «көрісу» деп аталады. Адамдар бір-бірін құшақтап көрісіп, жылы лебізін білдіріп, татулық пен бауырмалдықтың үлгісін көрсетеді. Береке мен бірлікті ту еткен халқымыздың бұл тамаша дәстүрі әр шаңыраққа қуаныш, әр жүрекке жылулық сыйлайды. Көрісу күні – халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тағылымды салты, ұлттық бірегейлігіміздің жарқын көрінісі, – дейді ақжұлықты Анипа әжей.

КӨРІСУ – ҒАСЫРЛАРДАН ЖЕТКЕН МЕРЕКЕ

Көрісу дәстүрі, әсіресе Батыс Қазақстан өңірінде үздіксіз сақталып, кеңінен тойланып келгені белгілі. Кеңес үкіметі тұсында көптеген ұлттық дәстүріміз сияқты бұл мереке де біраз уақыт назардан тыс қалып, ұмыт бола бастағанымен, Батыс өңірінде оның жұрнағы сақталып қалды.

Шын мәнінде, Амал мерекесі тек Батыс Қазақстанға ғана тән дәстүр емес. Ескі жазбалар мен әдеби мұраларға назар аударсақ, бұл дәстүр қазақ даласының көптеген өңірінде болғанын көруге болады. Мәселен, қазақтың ұлы ойшылдары Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр

Қазақстан өңірлерінде бұл мерекенің насихатталуында әзірге баяулық байқалады. Бұл жағдай табиғи ерекшеліктермен де байланысты. Себебі кей өңірлерде қыс ұзаққа созылып, көктем кешірек келетіндіктен, мерекені атап өту дәстүрінде белгілі бір айырмашылықтар кездеседі, – дейді С. Серікқызыл.

Тарихшы Сырым Хасеновтің айтуынша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз жазбаларында қазақ арасында сегіз күнге созылатын «Наурызнама» дәстүрі болғанын атап өтеді. Ескі күнтізбе бойынша бұл сегіз күндік Наурызнама шамамен 14-22 наурыз аралығына сәйкес келеді екен. Сондай-ақ кеменгер ақын Абайдың інісі Шәкәрім Құдайбердіұлының ұлы Ахаттың жазбаларында да бұл туралы деректер кездеседі. Оның айтуынша, бұрынғы есеп бойынша 14 наурыз ескіше 1 наурыз деп қабылданып, көктемнің басталғанын білдіретін күн ретінде саналған. Оның жазбасында: «14 наурыз – ескіше 1 март. Әкей айтты: бүгін ескіше 1 март – қазақша Жаңа жыл Ұлыстың ұлы күні. Жаңа жылдың

Жүсіп Көпейұлы шығармаларында елдің қыстан аман шығып, бір-бірімен көрісіп жататыны туралы деректер кездеседі. Бұл кезде адамдар бір-бірінен «Ел аман ба, жұрт тыныш па, мал-жан аман ба?» деп сұрасып, қымызмұрындық жасап, қауышып жататын болған. Ұлттық музейдің «Қазақстан тарихы» бөлімінің аға ғылыми қызметкері Сырым Серікқазыұлы бұл игі дәстүр 80-жылдардың соңына қарай қайта жаңғыра бастағанын негізге алып, мерекенің мазмұнына ерекше тоқталды. Тарихшының айтуынша, бүгінде ұлттық құндылығымыз жаңаша сипатта жалғасын тауып келеді.

– Бұл дәстүр ерте кезде бүкіл қазақ даласында кең құлаш сермеп атап өтілген. Оны Абайдың, Шәкәрімнің, Мәшһүр Жүсіптің шы-

бұрынғы аты – Наурыз, бұл парсы тілінде жаңа күн дегенді білдіреді» делінген. Этнографтар Жаңа жыл басының Ұлыс екеніне «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болады. Үлкен кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар» деген мысалды дәлел ретінде келтіріп жүр. Бұл деректер қазақ халқының дәстүрлі жыл қайыру жүйесінде көктемнің басталуы мен жаңа жылдың келуі ерекше мәнге ие болғанын көрсетеді.

– Көрісу күнін 1 наурыздан басталып екі апта бойы жалғаса, 14 наурызда Көрісу күнімен ұштасып, одан әрі Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына ұласар еді, – деді Сырым Хасенов.

1989 жылдан бастап, идеологиялық тұрғыдан көптеген кедергіге қарамастан, Наурыз мерекесін қайта тойлау туралы бастама көтеріліп, арнайы шешім қабылданды. Соның нәтижесінде көп жыл бойы ұмыт қалған Наурыз мейрамы қайта жаңғырып, халықтық мереке ретінде тойлана бастады. Бұл іске қазақ мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін терең зерттеген этнографтардың бірі Өзбекәлі Жәнібеков ерекше атсалысты. Тарихшы түйін сөзіне осы мысалды дәйек етті.

– Өзбекәлі Жәнібеков Наурыздың түп-төркіні мен оның астарында жатқан дәстүрлерді жақсы түсінді. Соның ішінде Көрісу немесе Амал мерекесінің де мәні зор екенін білді. Алайда сол кездегі саяси-идеологиялық жағдайға байланысты бұл дәстүрді толық дәріптеуге уақыт қажет болды. Себебі ол кезде еліміз әлі тәуелсіздігін жарияламаған еді. Сондықтан бұл үрдіс біраз уақытқа кешеуілдеп, тек кейінгі жылдары ғана кенінен жандана бастады, – деді ол.

Сонымен, 14 наурыз – адамдардың бір-бірімен төс қағысып көрісетін күні ғана емес. Бұл күн – достық пен татулықты, ауызбіршілік пен бауырмалдықты нығайтатын ерекше күн. Ұлыстың ұлы күні осындай ізгі дәстүрден басталуы халқымыздың бірлігі мен бауырмалдығын айшықтай түседі.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



— Шөмішбай Сариев қазақтың қабырғалы қаламгерінің бірі еді. Ол кісінің артында мол мұрасы қалды. Ақынның өмірінің жартысы сізбен бірге өтті. Шөмішбай ақынмен алғаш қалай таныстыңыз? Білуімізше, сіз байланыс саласында оқыған екенсіз, ол кісі — ҚазМУ-дың журналистика факультетінің студенті.

— Менің туған жерім — Қостанай өңірі. Қазақтың біртуар азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, публицист, қазақ мәдениеті мен өнеріне үлкен қамқор болған тұлға Илияс Омаровтың туған нағашысының қызымын. Сол кездегі Қостанай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы жалғыз қазақ орта мектебін бітіріп, арман қуып Алматыға жол тарттым. Илияс ағайдың үйіне келдім, өзі Монреальға кетсе де, жары Гүлшат апай мені өте жылы қарсы алды. Алматыға келген соң, байланыс саласын тандап, сонда оқуға түстім.

Шөмішбай ағанмен таныстығымыз қызық басталды. Студент кезіміз. Бір күні кешкілік қыздармен орталық алаңда өтетін отпашуға барғанбыз, кенет алдымыздан бір топ жігіттер шығып, бізбен таныса кетті. Ол кезде Шөкеннің қолында Оралхан Бөкеевтің «Қамшыгер» деген кітабы бар еді, «Қыздар, осы кітапты оқып, кейін өзімізге қайтарыңдар», — деп ҚазМУ-дың Виноградов көшесіндегі жатақханасының мекенжайын, бөлмесінің нөмірін айтып кетті. Танысып білсе келе, бұл жігіттер ҚазМУ-дың журналистика факультетінің студенттері екенін білдік. Сол кезде олар Самарқанд қаласындағы төрт айлық әскери дайындықтан келген беті екен.

— Ол кісі есімін Шалқар деп, сіз Жәмила деп танысқан кездеріңіз осы кез емес пе? Сіздерді табыстырған Айтматов деп айта аламыз ба?

— Жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесіндегі кейіпкері Жәмиланың есімі өзіме қатты ұнайтын. Шөкен өзінің группаластары Шөмішбай деген үлкен кісінің аты сияқты, «саған Шалқар деген есім қатты жарасады» деп, солай атап кеткен екен. Уақыт өте келе, Шөкеннің

Шалқар деген есімі өзінің әдеби псевдониміне айналды. Мен де сол танысқан сәттен бастап оны Шалқар деп кеттім.

Шөкеннің берген кітабы өте мұқият оқылған, әр жері қаламсаппен түртілген, кейбір жерінің асты сызылған екен. Кітапты оқып болып, дос қыз екеуіміз оны жігітке қайтарайық деп, айтқан мекенжай бойынша жатақханаға бардық. Сол жолы Шөкен мені үйге шығарып салды. Екеуіміздің таныстығымыз жалғасып, жеті айдан кейін шаңырақ көтердік.

— Сіздердің таныстықтарыңызға себепкер болған Оралхан Бөкейдің кітабы екен ғой.

— Мен үнемі Оралханның алдында басымды ием. Біздің тағдырымыздың тоғысуына да оның ықпалы болғанын айтып жүремін. Шөмішбайдың қолында Оралханның кітабы болды. Сол кітап бізді таныстырды. Тағы бір қызығы — біз кейін 41 елге сапар шегіппіз. Оның да бастауында Оралхан тұр. Сочидің маңында Пицунда деген демалыс орны бар. Орекен сол жерге Айман екеуі жолдама алып қойған екен. Бірақ Айманның бір туысы қайтыс болып, бара алмай қалады. Жазушы Сәбит Досанов сол кездері Жазушылар одағында Бюро пропаганданың директоры болған. Сол кісі Шөмішбайға: «Мына жолдама бос қалып қоятын болды. Бір адамға тегін, екіншісіне 50 пайыз ғана төлеу керек», — деп ұсынады. Шөмішбай да көп ойланбай келіседі. Осылайша, біздің шетелге алғаш сапарымыз басталған еді. Сол сапардан кейін саяхатқа деген қызығушылығымыз артып, әлемнің түрлі елін бірге аралауға тырыстық. Қай елде қандай курорт бар, қандай көрікті жерлер бар — бәрін бірге көріп, жаңа әсерлер жинауға ұмтылдық.

— Отбасын құрған соң бірден жұмысқа шығып кеттіңіз бе?

— Байланыс саласына жұмысқа орналасуымның да өзіне тән қызық тарихы бар. Сол кезде Сара Мыңжасарова деген апаларың болды. Ол кісі министрліктегі жазылым бөлімінде қызмет атқаратын. Өзі ер мінезді, өжет, өте мығым адам еді. Бірде жігіттерге: «Қазақ ССР министрлігінде жалғыз министр ғана қазақ, қалғанының бәрі орыс. Сондықтан әйел-

Ән — қазақтың жаны іспеттес; әдемі әуенге көрікті сөз қосылғанда құлпырып шыға келеді. Белгілі бір музыкаға арнап ән мәтіні жазылатыны бар. Кейде әдемі өлеңді композиторлар музыкалық туындыға айналдыратын шақтар да ұшырасады. Шөмішбай Сариев ән мәтіндерін жазудың шын шебері еді. Ақынның лирикалық шығармалары да оқыған жанды толғанысқа түсіреді. Қазақтың қабырғалы ақыны Шөмішбай Сариевтің туғанына биыл 80 жыл толды. Ақынның бірінші оқырманы — сүйген жары. Бүгін біз «Жақсының жары» айдарында ақынның жары Жұмагүл Сариевамен әңгімелескен едік.

Жұмагүл САРИЕВА,
ақынның жары:

Жарты жарасымды



дерінді жіберіндер, жұмысқа аламын?» деген екен. Содан қатар жүрген жігіттердің бәрі келіншегін жіберіпті. Сара апай — алғаш роман жазған қазақ әйелі. Бір күні Шөмішбай маған: «Ол кісінің мінезі ерекше, кез келген адамды жақтыра бермейді. Сен барып көрші», — деді.

Ол кезде жеті айлық балам бар. «Баланы тастап, қалай барамын?» — дедім. Сонда ол: «Алса — алар, алмаса — үйде отыра бересің ғой», — деді. Сөйтіп, 21 жасымда Сара апайдың алдына бардым. Ол кісі мені көрді де, еш ойланбастан: «Сені жұмысқа аламын», — деді. Осылайша, тұңғышымызды ауылға қалдыруға тура келді. Бірақ бөлім бастығы бірден: «Бізде екі ай сайын іссапар болады. Соған келіссеніз ғана жұмысқа аламын», — деді.

Содан кейін Сара апайдың өзіне кіріп едім, ол кісі: «Сенің жеті айлық балаң бар. Заң бойынша бала 12 жасқа толғанға дейін анасын іссапарға жібермеуге болады. Сені ешкім күштеп жіберейін деп жатқан жоқ», — деді.

Солайша, байланыс саласындағы еңбек жолым басталып, жұмысқа кірісіп кеттім.

**ӨЛЕҢ — ЖАН ДҮНИЕНІҢ
ТОЛҚЫНЫСЫНАН
ТУҒАН СЫР**

— Шөмішбай аға әдеби ортаға ерте ілікті. Алғаш Ленинградта өткен форумға қатысқанын білеміз.

— Әдебиеттің үлкен аға буын өкілдері, өлең шеберлері Әбділда Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев, Сағи Жиенбаев Шөмішбайдың творчествосы туралы пікірлерінде ақынның әлеуметтік кең тыныстағы толғауларына жылы лебіз білдірді. Ленинград қаласында өткен «Қазақ әдебиетінің күндеріне» үлкен классик ақындар Жұбан Молдағалиев, Олжас Сүлейменов, сыншы Мұхамеджан Қаратаев секілді алып тұлғалармен сол кездегі жас ақындардың ішінен Шөмішбай мен проза саласында жазып жүрген жас жазушы Роллан Сейсенбаевтың қатысуы кездейсоқ емес деп ойлаймын.

Кейін Шерхан аға Мұртаза Шөмішбайды Мәскеуде өткен жас ақындардың форумына алып кетті. Жарасқан Әбдіраш, Ибрагим Иса және Шөмішбай. Оның жалынды жырлары, отты өлеңдері оқырманның ыстық ықыласына бөлен-

ді. Әдеби орта да Шөкенді бірден бағалап, топқа қосып жіберді. Әдеби форумдарға да алғаш іліккені де сондықтан болар.

Оқуды бітірген соң бірден «Қазақстан» баспасының «Марксизм-ленинизм классиктері» бөліміне редактор болып қабылданды. Екі жылдан кейін жазушы ағасы Шерхан Мұртазаның шақыруымен «Жұлдыз» журналының «Сын және библиография» бөліміне ауысты. Осы кезеңдерде Шөкен әдебиет сынымен айналысып, «Тура би Туғансызов», «Әділ сын, Жұлдыз ұлы» атты мақалалар жазып, сыни трибунаны жүргізді. Кейін ұзақ жылдар бойы «Жұлдыз» журналының «Поэзия» бөлімін басқарды. Соңғы отыз жылдың көлемінде, өмірінің соңғы жылдарына дейін Ұлттық Ғылым ака-

демиясының, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану бөлімінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істеп, қазақ әдебиетінің дамуына үлесін қосты.

— Ақынның шабыты келген уақытта өлең жазатыны белгілі. Өлең жазуға белгілі бір себеп бола ма, әлде шабыт қысса, жаза бере ме?

— Ақын үшін өлең — тек сөз тізбегі емес, жан дүниенің толқынысынан туған сыр. Кейде белгілі бір оқиға, адам тағдыры, қоғамдағы құбылыс немесе жүректі қозғаған бір сәт өлеңге себеп болады. Ал кейде ақынның жан дүниесін белгісіз бір сезім тербеп, ойы мен көңілі арнасынан асып, шабыттың өзі өлең болып төгіледі. Мұндайда ақын арнайы себеп іздеп отырмайды — ішкі толғаныс қағазға үзінген-өзі түседі. Сондықтан өлең кейде өмірдегі нақты жағдайдан туса, кейде жүректің тереңіндегі сезім мен шабыттың әсерінен дүниеге келеді. Ақынның шабыты қысқан кезде ол кісінің мазасын алмауға тырыстық. Қандай өлең жазса да, сезімнің, ішкі толғаныстың жемісі.

— Сіздің буын пәтер тапшылығын көп көрді. Бұл тапшылық сіздердің де бастан өткен шығар.

— Бізде сол пәтер тапшылығын көп көрдік. Бес жылдай пәтер жалдап тұрдық. Ол кезде шығармашылық адамдары үшін баспана мәселесі оңай болған жоқ. Біздің тұрған үйдің маңында Оралхан да, Жарасқан да тұратын. Олар да біз сияқты пәтер жалдап жүрген. Жарасқанның жары Нәзік бірде мебель сатып алыпты. Содан Жарасқан көпше болды, бәріміз жиналып, әлгі мебельдерді көтеріп, жаңа пәтерге тасып жүретінбіз. Ол кездері бір-бірімізге көмектесу — қалыпты жағдай еді. Біреу көпше, бәріміз барып қолғабыс жасаймыз. Жалдамалы пәтерде тұрғанымызбен, үйіміз қонақтан арылмайтын. Бір бөлмелі үй болса да, достар да, туыстар да жиі келетін.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Әңгіме-дүкен құрып, шай ішіп, түнге дейін отырып қалатын кез көп болатын. Кейде бір бөлмеде бірнеше адам түнеп шығатынбыз. Бірақ соған ешкім ренжімейтін, бәрі бір-біріне жақын, көңілдері кең еді. Қазір ойласам, сол жылдардың қиындығымен бірге ерекше жылылығы да болды. Жокшылық болса да, адамдардың арасы жақын, пейілі кең еді. Бір-бірімізге сүйеу болып, сол кезеңнен бірге өттік.

— Ең жақын араласқан достары кім еді?

— Шығармашылық адамдардың көбі бірге жүреді ғой. Шөкен араласқан адамдар өте көп. Жарасқан екеуі қатар жүрді. Курстастары — Смағұл Елубаев, Сұлтанәлі Балғабаев, Дәулет Сейсенұлымен жақсы жос болды. Сосын композиторлар — Сейдолла Бәйтерекөв, Мұрат Құсайынов, Кеңес Дүйсе-

— Тұңғыш ұлым Бакытжан біраз жыл әкеміз бен анамыздың қолында өсті. Ол кезде бала болған соң, бізге үйренісуі оңай болған жоқ. Жеті жасында үйімізге келгенде, бізді атымызбен атайтын, ал енемді «мама» дейтін. Бірте-бірте бауыр басты ғой.

Шөмішбайдың анасы көп баланы дүниеге әкеліп тәрбиелеген, «Алтын алқа» иегері болған аяулы ана еді. Өте еңбеккер, сабырлы, мейірімді жан болатын. Балаларына ғана емес, айналасына да қамқор болып, үлкен жүректі ана ретінде көпке үлгі болды.

Карасай ауданында «Анаға құрмет» атты ерекше музей бар. Бұл музей аналардың қадір-қасиетін дәріптеп, олардың өмір жолын, еңбегін насихаттауға арналған. Музейдің көрмелері тек Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де көрсетіліп жүр. Сол музейге Шө-

Шөмішбай оған жиі барып, екеуі ұзақ әңгімелесіп, сырласатын. Сол кездесулердің бірінде Шөкен «Еркеледің сен» әнінің мәтінін жазып, композиторға береді.

Бір күні барғанында Кеңестің әлгі әнді ыңылдап айтып отырғанын естиді. Әннің әуені мен мәтіні үйлесім тауып, Шөмішбайдың өзіне де қатты ұнайды. Осыдан кейін ол ән мәтіндерін көбірек жазуға ден қоя бастайды. Сөйтіп, Шөмішбай Сариев пен Кеңес Дүйсекеевтің шығармашылық бірлестігі осылай бастау алады.

келеді. Бүгінде оның сөзін жазған көптеген әнді әншілер қайта орындап, тыңдарманға жаңаша таныстырып жүр. Мәселен, «Серілер» тобы «Боз жорға» әнін айтып, халықтың ықыласына бөленіп келеді. Ал Роза Рымбаева орындаған «Атамекен» әні — қазақ музыкасының алтын қорына енген туындылардың бірі. Бұл ән Розаның шығармашылық төлқұжатына айналған десек, артық айтқандық емес.

Жақында Роза Рымбаеваның шығармашылық кешінде әнші

— «Менің бар жазған жырларым, әндерім саған арналады» дейтін. Шөкен екеуіміз 50 жыл бірге болдық. Мәнді де, мазмұнды ғұмыр кештік. Үш ұрпақ сүйдік. Үлкен ұлымыз — Бакытжан, ортаншы қызымыз — Шолпан, кенже ұлымыз — Байсал. Өсірген ұл-қыздан сегіз немере көрдік. Шөкен өте бауырмал адам. Әкесі Нағашыбай ағамыз ерте қайтыс болған соң, іні-қарындастары өзінің қамқорлығында болды. Оларды оқытып, үйлендіріп, үлкен өмір жолына салды. Оның адамгершілігі мен жасаған жақсылықтары барлық туған-туысының ортасында сыйластыққа бөледі. Оның бауырларының балалары мені «мама» деп, Шөкенді көкелеп өтті. Біздің оларға деген алғысымыз шексіз.

— Ақынның құрметіне ескерткіш такта, көше аттары берілді ме?

— Шөкен өмірден озғаннан кейін екінші ғұмыры басталды деп ойлаймын. Алматыда біз тұрып жатқан үйде ақынның құрметіне мемориалдық такта ашылды. Кеңсайда басы көтерілді. Қызылорда қаласында Облыстық өлкетану музейінде Шөкенге арналған бұрыш ашылып, онда ақынның кітаптары мен ол қолданған машинкасы, зерделі шапаны, басқа да құнды заттары қойылды. Қызылорда қаласында үлкен жол жиегіне бильборды ілінді, өзі туып-өскен Қызылорда облысы Арал қаласында ақын Шөмішбай Сариевтің туған күніне орай «Халқымның жүрегіне жыр жазамын» атты ғылыми-танымдық конференция өтті. Астана қаласында республикалық Ұлттық академиялық кітапханада «Қос қанатты ақын — Шөмішбай Сариевтің шығармашылық залы» ашылды. Алматы қаласының архивінде «Дүниені жалт қаратсам деп едім» атты көрме бұрышы ашылып, оған да Шөкеннің барлық құнды құжаты қойылды. «Сыр елінің тұлғалары» атты сериямен телехабар түсіріліп, «Атамұра» баспасынан «Жүрегім — қазақ елі», «Тенізден сокқан жел» атты жыр жинақтары басылып шықты. «Дәуір» баспасынан «Қос қанатты ақын Шөмішбай Сариев» деген атпен фотоальбомы жарыққа шықты. Жақында 2026 жылдың 19-20 қаңтар аралығында Қызылорда қаласында өткен 5-ші Ұлттық құрылтай кезеңінде 19 қаңтар күні «Атамекен-ай» атты шығармашылық кеші болып өтті. Осындай айтулы іс-шараларды ұйымдастырып, ақынның шығармашылығына құрмет көрсетіп жүрген бірқатар азаматқа, Сыр елінің халқына басымды иіп, ризашылығымызды білдіреміз.

Шөмішбай ақынмен қол ұстасып өткен жарты ғасырлық өмір жолыма, онымен қызықты да мәнді өткізген ғұмырыма, бірге қол ұстасып жүрген кездеріме, оның мұнайған шақтарында жанынан табылып, шығармашылығына демеу болғаным, әдебиеттегі үлкен ағаларына, оның көп достарына қызмет жасағаным, жанынан тастамай мен көрген қызықты, сен де көр деп, бірге жүріп көрген алыс-жақын шетелдергі сапарыма — бәріне-бәріне ризамын. Жаның жәннатта болсын! Ұрпағыңды желеп-жебеп жатқайсың.

— Әңгімеңізге көп рақмет! Аман жүріңіз!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

Ғасыр ғұмыр Кештік

кеев, Төлеген Мұхамеджановпен жақын араласты.

— Шығармашылық адамдарына тән бір қызық мінез болады ғой. Шөмішбай ағаның болмысы қандай еді?

— Ақын адам бала сияқты болады, ботам. Мен де ол кісіні еркелетіп ұстадым. Сәл нәрсеге ренжіп қалады, сәл нәрсеге мұңайып қалады. Еш уақытта көңіліне кірбін түсірмеуге тырыстым. Біз дүние жиған жоқпыз, тапқан-таянғанымызды ел көруге, жер көруге жұмсадық. Қайда барсақ та, бірге жүрдік. Әлемнің қаншама елін бірге тамашаладық.

— Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары нарықтық дағдарыс басталды. Ақша жоқ, қаламақы тағы жоқ. Сол қиындықтан қалай өттіңіздер?

— 1991 жылы біз Самал мөлтек ауданынан пәтер алған едік. Жазушы достары әзілдеп: «Жазушылардың ішінде пәтерді ең соңғы алған — Шөмішбай» деп күлетін. Бірақ сол шаңырақ біз үшін нағыз құтты үй болды. Сол үйде балаларымыз өсіп, ер жетіп, кейін немерелеріміз дүниеге келді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары оңай болған жоқ. Нарықтық кезең басталып, көпшіліктің тұрмысы қиындады. Ақша тапшы, қаламақы сирек төленетін уақыттар болды. Дегенмен қандай қиындық болса да, отбасының берекесі мен бірлігі бәрінен биік тұрды. Сол шаңырақ бізге үміт пен күш берді. Бүгінге дейін сол шаңырақта тұрып келемін, қазір де немерелеріммен бірге сол үйде өмір сүріп жатырмын.

— Кітаптары шыққан кезде бірінші қолтаңба жазып, сізге ұсынамын ба еді?

— Кітабы шыға салысымен, қолтаңба жазып, анасына апарып беретін. Одан кейін маған ұсынады. Анасы дүниеден өткеннен кейін бірінші қолтаңбасын маған жазып беретін болды.

— Ақынның анасының портреті «Анаға құрмет» музейіне қойылған екен.

Кейде бір бөлмеде бірнеше адам түнеп шығатынбыз. Бірақ соған ешкім ренжімейтін, бәрі бір-біріне жақын, көңілдері кең еді. Қазір ойласам, сол жылдардың қиындығымен бірге ерекше жылылығы да болды. Жокшылық болса да, адамдардың арасы жақын, пейілі кең еді. Бір-бірімізге сүйеу болып, сол кезеңнен бірге өттік.

кеңнің анасының портретін беруді жөн көрдім. Арнайы комиссия қарап, қабылдап алды. Мен үшін бұл үлкен құрмет деп ойлаймын. Себебі ол кісі тек біздің отбасымыздың ғана емес, қазақтың ардақты аналарының бірі еді. Оның бейнесі сол музейде тұруы — аналардың еңбегіне көрсетілген құрметтің бір белгісі.

ӘН-ӨЛЕҢ МӘТІН ЖАЗУДЫҢ ШЕБЕРІНЕ АЙНАЛДЫ

— Ақын Ғафу Қайырбеков Шөмішбайды «Қос қанатты» ақын деп бағалаған екен. Біріншісі — лирикалық жырлары болса, екіншісі — ән-өлеңдері. Шөмішбай ақын қанша әнге өлең жазды?

— Шөмішбай Сариев — қазақ ән өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Ол 300-ге жуық әннің сөзін жазған. Қызығы, Шөкен ән мәтіндерін жазуды елу жастан асқаннан кейін ғана бастаған. Соған қарамастан, аз уақыттың ішінде қазақ әдебиетіндегі ән-өлең мәтінін жазудың шеберіне айналды. Бүгінде оның сөзін жазған әндерімен тұтас бір ұрпақ өсіп шықты, көптеген туындысы халықтың сүйікті әндеріне айналды.

Бірде ол Композиторлар одағына барған кезде алғаш рет композитор Кеңес Дүйсекеевпен жолығады. Сонда Кеңес: «Мен композитормын, маған бір әннің мәтінін беріңізші», — деп өтініш білдіреді. Кейін белгілі болғандай, Кеңес Дүйсекеев біздің үйдің жанындағы ауруханада жатқан екен.



Жұбаныш Жексенұлы осы «Атамекен» әнін орындады. Оның орындауындағы әсер ерекше болды. Әннің мазмұны мен әуені тыңдарманның жүрегіне жетіп, залды ерекше күйге бөлегендей әсер қалдырды. «Атамекен» әнінің шығу тарихы да қызық. Бір күні композитор Жанбота Тұяқбаев Шөмішбай ағасына келіп, жаңа әнге мәтін жазып беруін сұрайды. Ән махаббат туралы болуы керек деген өтініш айтады. Бұған дейін ол осы әуенді Тұманбай Молдағалиев пен Мұхтар Шахановқа да апарып көрген екен, бірақ олар мәтін жазбаған. Жанбота Тұяқбаев, негізінен, орыс тілінде білім алғандықтан, бәлкім, ойын толық жеткізе алмаған болуы мүмкін. Сол кезде Шөмішбай әуенді тыңдап отырып, оған махаббат жайлы емес, туған жер туралы ән жазған дұрыс деп шешеді. Сөйтіп, жүректен шыққан «Атамекен» әнінің мәтіні дүниеге келеді.

«ДҮНИЕНІ ЖАЛТ ҚАРАТСАМ ДЕП ЕДІМ»

— Шөмішбай ағаның ақын ретіндегі рөлі белгілі, әке ретіндегі рөлі қандай еді?

— Әке ретінде Шөмішбай өте мейірімді, балажан жан еді. Немерелерін ерекше жақсы көріп, оларды «менің патшаларым» деп еркелететін. Үй ішінде де қамқор, жылы мінезді, отбасының берекесін ойлап жүретін әке болды.

Үш баласының екеуі шығармашылыққа қызығушылық танытқанымен, ол балаларын бұл жолға түсуге аса құптай қоймады. Себебі «егер жаман жазсандар, маған ұят болады, ал жақсы жазсандар, жұрт «әкесі жазып берді» деп айтады» деп әзіл-шыны аралас айтып отыратын. Сондықтан ол балаларының өз жолын, өз мамандығын тапқанын қалаған.

— Шөмішбай ағаның жолын қуған ұрпақтары бар ма?

ДАУА

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Елімізде жыл сайын 40 мыңға жуық адам онкологиялық ауруға шалдығады және республикалық орталықтарда жыл сайын 5 мың бала арнайы ем алады. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, былтыр 42 мың адам «жаман ауруға» шалдыққан. Тіркелген дерттің дені – тоқішек, тікішек, өкпе, асқазан, сүт безі мен жатыр мойны ісігі. Ең қорқыныштысы, 240 мыңнан аса адам жалпы есепте тұр. Дегенмен медицинаның заманалы жетістігі күпті көңілімізді сейілтіп, өшкен үмітімізді қайта жаққандай.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Жуырда Астанадағы Ұлттық ғылыми онкология орталығының базасында Протондық терапия орталығы ашылды. Бұл – еліміздегі және Орталық Азиядағы жалғыз профильді орталық. Мамандардың айтуынша, протондық терапия химиотерапияға қарағанда, әлдеқайда тиімді нәтиже береді әрі ағзаға тигізер жанама әсері аз. Орталық 2025 жылы қараша айында жұмысын бастады, еліміз, осылайша, онкологиялық ауруларды емдеудің ең заманауи, жоғары дәлдікті технологиялары қолжетімді 25 елдің қатарына кірді. Мамандар осы уақытта бас миы, жұлын, бас және мойын аймағы, бауыр, өңеш және қуықасты безі обыры бар науқастарға ем жүргізген. Әлем тәжірибесіне назар салсақ, Протондық терапия орталығын іске қосуға кемі 5-10 жыл кетеді. Мысалы, Ресей Димитровград қаласындағы орталықты ашуға 10 жыл, Санкт-Петербургтағы Онкологиялық клиниканың Протонды терапия орталығын құруға 5 жыл, Дания дәл осындай орталықты ашуға 7 жыл уақытын жұмсаған. Еліміз бұл бағытта тәжірибе жинап, орталықты халықаралық стандарттарға лайықтау үшін 6 жылын сарп етті.

Кейінгі бес жылдықта елімізде ем іздеп келетін шетелдіктердің саны артқан, мәселен Қазақстандық медициналық туризм қауымдастығының дерегінше, 2022-2024 жылдары ем алған шетелдік пациенттер саны 80 мыңға жеткен. Көршілес елдермен қатар, АҚШ, Германия, Швейцария сынды батыс елдерінен келетін медициналық туристердің де саны молайған. «Астана даму орталығының» дерегінше, елде жүрек шунттау хирургиясы АҚШ-қа қарағанда 80 есе, Сингапурға қарағанда 11 есе арзан. Демек, медициналық қызметтің өзге елдермен салыстырғанда, қалтаға қолжетімді әрі сапалы болуы шетелдіктердің елге ағылуына әсер етіп отыр. Отандық медицинаның көш ілгері дамып келе жатқаны, әрине, қуантарлық жағдай, алайда басты орында «жаман аурумен» арпалысып жатқан отандастарымызды қолдау өте маңызды.

ПРОТОНДЫҚ ТЕРАПИЯ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазір Протондық терапия орталығында 40-қа жуық пациент емін толық аяқтады, тағы 30-ға тарта адам ем алып жатыр. Орталықтың ашылғанына жарты жылға жетер-жетпес уақыт болды, демек орталық жұмысы алда бұдан да жоғары қарқында дамуына сенімдіміз. Бұл ретте білікті мамандардың тапшы болғаны да

Үмітті ҚАЙТА ЖАҚҚАН – ПРОТОНДЫҚ ТЕРАПИЯ



рас, алайда бұл мәселе де біртіндеп шешімін тауып жатыр.

– Ұлттық ғылыми онкология орталығының дәрігерлері, медициналық физиктері мен инженерлері бірнеше жыл арнайы дайындықтан өтті. Олар АҚШ, Оңтүстік Корея және Еуропаның жетекші халықаралық орталықтарында тағылымдамаға барып, халықаралық деңгейде тәжірибе жинады. Бүгінде орталықта толық дайындықтан өткен мультидисциплинарлық команда жұмыс істейді. Оның құрамына сәулелік терапия дәрігерлері, медициналық физиктер, инженерлер және радиациялық қауіпсіздік мамандары кіреді, – дейді Протондық терапия орталығының менеджері Фатима Хамзатқызы.

Маманның айтуынша, протондық терапияның басты артықшылығы – сәуленің жоғары дәлдігі. Протон сәулесі ісік орналасқан нүктеде тоқтап, сау тіндерге барынша аз әсер етеді. Бұл механизм «Брегг шыңы» деп аталатын физикалық құбылысқа негізделген. Соның арқасында ісікке қажетті дозаны дәл жеткізіп, ісік айналасындағы өмірлік маңызды ағзаларды қорғауға болады. Ал дәстүрлі сәулелік терапия (радиациялық терапия) кезінде сәуле ісік арқылы



өтіп, сау тіндерге белгілі бір деңгейде әсер етеді. Протондық терапия сәулелік терапияның ағзаға кері әсерін 60-70%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

– Химиотерапия мен протондық терапияның айырмашылығы олардың әсер ету механизмінде жатыр. Химиотерапия – дәрілік емдеу әдісі, ол бүкіл ағзаға жүйелі түрде әсер етеді және жанама әсерлері айқын сезілуі мүмкін. Протондық терапия – сәулелік емдеудің ең заманауи түрі. Ол тек ісік орналасқан аймаққа бағытталады. Сондықтан көптеген жағдайда протондық терапия сау тіндерді сақтауға және асқынұлар қаупін азайтуға мүмкіндік береді, – дейді Ф.Хамзатқызы.

ТЕРАПИЯНЫ ТЕГІН АЛУҒА БОЛАДЫ

Протондық терапия орталығының іске қосылуының өзі елдегі онкологиялық қызметтің бірегей жетістігі деп бағалар едік. Жыл сайын қаншама отандасымыз алыс-жақын шет мемлекеттерге барып ем іздеуге мәжбүр. Ендігі кезекте бұл емді өз елімізден тегін алуға мүмкіндік туды әрі жаңа бағыттағы ізденіс дәрігерлердің кәсіби дамуына, жаңа технологияларды енгізуге және жалпы

онкологиялық көмектің сапасын арттыруға ықпал етеді.

– Жалпы алғанда, пациенттердің жағдайы жақсы десе болады. Протондық терапия сеанстары ауырсынусыз өтеді, пациенттердің көбі емді жеңіл көтереді және қосымша оңалтуды қажет етпейді. Қазір ем алып жатқан пациенттерде ісік үдерісі тұрақтанып, жағдайы жақсарып калды. Ең бастысы, бұл ем Қазақстан азаматтарына кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі аясында қолжетімді, – дейді Ф.Хамзатқызы.

Біз орталықта емделіп жатқан жандармен де тілдесіп көрдік. Гүлнара Шақенова – протондық терапия курсы алып жатқан пациенттердің бірі. Оның әңгімесін тыңдап отырып, қанша жанның кеудесінде үміт оты жанғанын, қанша жанның осы терапияға сеніммен қарайтынын түсіне бастайсың.

– Денің сау кезде мәселеміз бір бітпейді, алайда ауырғанда, уайымың – тек біреу. Әрбіріміздің тілегіміз – ең жақсы ем алу, ауруды жеңіп шығу. Бұл жерге күн сайын жана үмітпен, жақсы көңіл күймен келемін және әр күнім үшін алғыс айтамын. Дәл осы орталықта ем алу – мен үшін үлкен бақыт, – дейді ол.

Оған 27 сеанстан тұратын ем курсы тағайындалған. Бізбен сұхбаттасқан кезде оның жетеуін өңсеріп тастағанын айтты.

– Емім ауырсынусыз өтіп жатыр, өзімді жақсы сезінемін. Қуаныштысы, мемлекет бізге бұл емді тегін алуға мүмкіндік берді. Негізінен, бұл – өте қымбат, көп адамның қалтасы көтере бермейтін терапия. Маған нейрохирургиялық отаны да тегін жасады. Қазір ақысыз түрде ем алып жатырмын. Орталық жақында ғана ашылды, сол себепті де бұл жаңалықты халқымыз көбірек естіп-білгенін қалаймын. Қорықпай келіңіздер. Бұл ем көптеген жаңа өмір сыйлайды деп сенемін. Осы мүмкіндікті сыйлаған мамандарға алғыс білдіремін. Шынымен, көзіме жас келеді, мұндай емді өз елімде алып жатқаным қандай жақсы, – дейді Г.Шақенова.

ЕМДІ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ҰСЫНАДЫ?

Халықаралық тәжірибеге сәйкес, бұл ем бас миы, жұлын, көру жүйкелері маңындағы ісікті емдеуде кеңінен қолданылады, әсіресе, педиатриялық онкологияда жиі ұсынылады, себебі енді дамып келе жатқан ағзаға тигізер қауіпті сейілетеді. Сау тіндерге жанама әсері аз болғандықтан, ем әдетте ми, жүрек секілді маңызды органдарды емдеуде қолайлы. Протондық терапия мидың, бас пен мойын аймағындағы маңызды құрылымдарға жақын орналасқан ісіктерде, жоғары дәлдікті қажет ететін жағдайда жоспарлы түрде тағайындалады. Қазір Протондық терапия орталығында Орталық Азияда теңдесі жоқ «ProBeam-360» атты қондырғы орнатылған.

Дей тұрғанмен, әдіс дамыған елдердің медициналық базасынан ғана табылады, тіпті медицинасы әлдеқайда дамыған Үндістанның өзінде протондық терапияға қарағанда, сәулелік терапияны қолданады. Біріншіден, әр аймақта орталық салу едәуір қаржыны талап етеді, екіншіден, қарапайым халықтың емді ақылы негізде алуға қалтасы көтермейді.

Протондық терапия жүйелі әрі ұзақмерзімді жүруі ықтимал. Әр пациенттің жағдайы, диагнозына сай емді жеке жоспарлайды, ал бұл ауруды асқынған пациенттердің ұзақ уақыт күтуіне жарай бермейді. Сол себепті көбіне-көп дәстүрлі сәулелік терапия жасалады немесе егде жастағы науқастар мен балаларға тиімді болу үшін протондық терапия мен хирургияны ұштастыра жоспарлайды, көп жағдайда рентгендік сәулелік терапия мен химиотерапияны қолданады. Протондық терапияның да жанама әсері бар, ғылымдағы жаңа сала болғандықтан да, терең зерттеуді қажет етеді.

Қатерлі ісік ауруы бүгінде әлемде де, елімізде де өлім-жітімнің негізгі себебінің біріне айналды. Елде 245 мыңнан аса адам динамикалық бақылауда тұр. Науқастардың шамамен 60 пайызына сәулелік терапия қажет. Осыған байланысты Ұлттық ғылыми онкология орталығы онкологиялық көмекті дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Демек, елімізде де «жаман ауруды» толық жеңуге мүмкіндік жоғары.

МӘСЕЛЕ

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Медицинада онкологиялық аурулар деп аталатын дертті қазақ жалпақ тілмен «обыр» дейді. Обыр – ағзадағы жасушалардың мутацияға ұшырап, бақылаусыз көбейіп, қатерлі ісікке айналуынан пайда болатын күрделі ауру. Қазіргі заманда бұл дерт тек медициналық мәселе ғана емес, қоғамның әлеуметтік, психологиялық және экономикалық жағдайымен де тығыз байланысты күрделі құбылысқа айналып отыр.

А Айгүл СЕЙІЛ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің соңғы мәліметіне сәйкес, өткен жылдың өзінде елімізде қатерлі ісікке шалдыққан 42 мыңнан астам жаңа жағдай тіркелген. Ал бүгінде диспансерлік есепте тұрған науқастардың жалпы саны 246 мың адамға жеткен. Бұл көрсеткіш онкологиялық аурулардың қоғам үшін қаншалықты өзекті мәселе екенін айқын көрсетеді.

Жалпы алғанда, онкологиялық аурулар дүниежүзілік статистикада да, Қазақстандағы денсаулық сақтау көрсеткіштерінде де өлім-жітім себептері бойынша екінші орында тұр. Бірінші орында жүрек-қан тамырлары аурулары, яғни инфаркт пен инсульт сияқты дерттер келеді. Қатерлі ісік адам өміріне қауіп төндіретін негізгі аурулардың бірі болғандықтан, мемлекет бұл бағыттағы медициналық көмекті дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді.

Мәселен, елімізде 2023-2027 жылдарға арналған Қатерлі ісікпен күрес жөніндегі кешенді жоспар қабылданған. Бұл құжат Қазақстандағы онкологиялық көмектің барлық жүйесін жаңғыртуға бағытталған негізгі стратегиялық бағдарлама саналады. Кешенді жоспардың басты мақсаты – қатерлі ісікті ерте кезеңде анықтаудың тиімділігін



арттыру, мамандандырылған емдеу тәсілдерін дамыту, заманауи терапиялық әдістерді енгізу және елдің барлық өңірінде онкологиялық инфрақұрылымды нығайту.

Аталған жоспарды іске асыру үшін мемлекет тарапынан шамамен 460,7 млрд теңге көлемінде қомақты қаржы бөлінген. Бұл қаражат медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар аурудың асқынған түрлерін азайтуға және қатерлі ісіктен болатын өлім-жітім деңгейін төмендетуге бағытталған.

Кешенді жоспардың нәтижесі белгілі бір деңгейде байқала да бастады. Соңғы жылдары онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітім көрсеткіші азайып келеді.



ОБЫРМЕН КҮРЕС: НАУҚАСТАР

НЕГЕ ШЕТЕЛГЕ ҰМТЫЛАДЫ?

Мысалы, былтыр бұл көрсеткіш 100 мың адамға шаққанда 61 жағдайға дейін төмендеген. Сонымен қатар пациенттердің бес жылдық өмір сүру көрсеткіші 63 пайызға дейін өскен. Бұл – медицина саласындағы оң өзгерістердің көрінісі.

Алайда осы көрсеткіштер елімізде онкологиялық науқастарды емдеу толық деңгейде жақсарды дегенді білдіре ме деген сұрақ туындайды. Өйткені әлеуметтік желілерге көз жүгіртсек, шетелге барып ем қабылдап жатқан отан-

теңге халықтан жиналады. Бастапқыда, яғни отандастарымыз Facebook пен Instagram желілерін кеңінен қолдана бастаған, 2010-жылдар мұндай жағдайлар қоғамға тосындау көрінетін. Алайда уақыт өте келе бұл құбылыс үйреншікті жағдайға айналып бара жатқандай.

Қазір әлеуметтік желіні ашқан сайын ауыр дертке шалдыққан адамның тағдырын баяндаған жазбаларды жиі кездестіреміз. Онда науқастың жағдайы күн сайын нашарлап бара жатқаны видео немесе фотосуреттер арқылы көрсетіліп, шетелде ем қабыл-

дасуының мамандарына қойып көрдік.

Медицина саласында 20 жылдан астам еңбек етіп жүрген жалпы тәжірибелік дәрігер Күмісай Аташева қатерлі ісікке шалдыққан науқастардың шетелге емделуге ұмтылуын, ең алдымен, ақпараттық ықпалмен байланыстырады.

– Әлеуметтік желілерде жүз мыңдаған, тіпті миллиондаған оқырманы бар танымал адамдар немесе блогерлер науқастың атынан есепшот ашып, халықтан қаражат жинаған жағдайлар жиі болды. Олар қоғамда танымал болғандықтан, емге қажетті қаржы да жылдам жиналды. Соның нәтижесін-

де, науқастар шетелде ем қабылдай бастады. Осылайша, шетелде емделу белгілі бір деңгейде жарнамаланды деуге болады. Кей жағдайда мұндай науқандар арқылы кейбір адамдар өздері де табыс тапты, – дейді дәрігер.

Маманның айтуынша, Отандастарымыздың шетелге қызығуының тағы бір себебі – ол жақтағы қызмет көрсету деңгейінің жоғары болуы.

– Науқас ақшасын төлейді. Ұшақтан түскен сәттен бастап арнайы қызметкерлер қарсы алып, клиникаға орналасқанға дейін барлық ұйымдастыру жұмысын өздері атқарады. Біздегідей ұзақ уақыт құжат жинап, түрлі мекеменің табалдырығын тоздырудың қажеті жоқ. Көптеген мәселе бірекі кабинетте шешіледі, – дейді ол.

Сонымен қатар маман Қазақстанда да онкологиялық көмектің сапасы жылдан-жылға жақсарып келе жатқанын атап өтті.

– Елімізде қатерлі ісікті ерте анықтауға арналған скринингтік бағдарламалар енгізілген. Азаматтар бұл тексерулерден тегін өте алады. Бұрын қатерлі ісіктің ағзаға қаншалықты таралғанын анықтайтын ПЭТ/КТ аппараттары тек

Мәселен, елімізде 2023-2027 жылдарға арналған Қатерлі ісікпен күрес жөніндегі кешенді жоспар қабылданған. Бұл құжат Қазақстандағы онкологиялық көмектің барлық жүйесін жаңғыртуға бағытталған негізгі стратегиялық бағдарлама саналады.

дау үшін қаржылай көмек сұралады.

Алайда шетелде емделіп, толық сауығып кеткен қазақстандықтар туралы нақты әрі толық статистика жоқ. Мұндай мәліметтер денсаулық сақтау органдарында жүргізіле ме, жоқ па – бұл да көпшілікке беймәлім.

Әлеуметтік желілер арқылы қаражат жинап жүрген науқастардың көпшілігінің әлеуметтік жағдайы күрделі екені белгілі. Сонымен қатар халықтан көмек сұрамай-ақ, өз қаржысына шетелде емделуге мүмкіндік табатын азаматтар да бар.

Осы тұста занды сұрақ туындайды: қаржысы бар да, жоқ та науқастар неге шетелде емделуді қалайды? Отандық медицина онкологиялық ауруларды емдеуде әлсіз бе? Дәрі-дәрмектердің сапасы төмен бе? Әлде диагноз қою жүйесінде мәселе бар ма?

Астана қаласында ғана болатын. Қазір мұндай құрылғылар Алматы, Шымкент, Атырау қалаларында да бар. Түркияда бұл тексерудің бағасы шамамен 2500 доллар тұрады. Ал бізде науқастар кезек арқылы тегін немесе салыстырмалы түрде арзан бағамен өте алады, – дейді дәрігер.

Күмісай Аташева, сондай-ақ Қазақстанда генетикалық-молекулярлық зерттеулердің де дамып келе жатқанын атап өтті. Мұндай тестілер науқасқа ең тиімді емдеу тәсілін таңдауға мүмкіндік береді.

– Мысалы, науқасқа алдымен химиотерапия қажет пе, әлде операция тиімді ме немесе емді дәрілік терапиядан бастау керек пе – осының бәрін молекулярлық зерттеулер анықтауға көмектеседі, – дейді ол.

Дегенмен маман саладағы негізгі проблемалардың бірі де

жасырмай айтты. Оның пікірінше, онколог мамандардың жетіспеушілігі және науқастарға психологиялық қолдау көрсетудің әлсіздігі белгілі бір қиындықтар туғызады.

– Көп жағдайда пациенттер дәрігерден тек медициналық ем ғана емес, моральдық қолдау да күтеді. Егер мұндай қолдау жеткіліксіз болса, науқастар клиникадан клиникаға ауысып, әртүрлі маманнан кеңес алып, тіпті шетелге кетуге де шешім қабылдайды, – дейді ол.

Ал фармаколог Нұрас Алибаев науқастардың шетелде емделуге ұмтылуын көбіне логистикалық және бюрократиялық қиындықтармен байланыстырады.

– Науқастар емді бастау үшін біраз уақыт күтуге мәжбүр болады. Ал онкологиялық ауруларда уақыт – ең маңызды фактор. Себебі ісіктің қалай дамитынын алдын ала болжау қиын. Пациент алдымен жергілікті емханаға тіркеледі, одан кейін бірнеше талдау тапсырады, түрлі маманның кеңесін алады. Бұл процестер кейде ұзаққа созылады, – дейді ол.

Фармакологтың айтуынша, Қазақстанда онкологиялық ауруларды емдеуде қолданылатын химиялық препараттардың басым бөлігі – классикалық цитостатиктер.

– Олардың қатарына Цицплатин, Карбоплатин, Доксорубин, Циклофосфамид сияқты дәрілер жатады. Бұл препараттардың көпшілігі – генерикалық дәрілер. Яғни, бастапқы түпнұсқа препараттардың патент мерзімі аяқталғаннан кейін әртүрлі елдерде сол препараттың аналогтары өндіріледі. Белсенді заты бірдей болғанымен, құрамындағы қосымша заттарда айырмашылық болуы мүмкін. Сол себепті кейбір науқастар түпнұсқа препараттардың сапасы жоғары деп есептейді, – дейді ол.

Сонымен қатар маман Қазақстандағы емдеу жүйесі халықаралық клиникалық хаттамаларға сәйкес жүргізілетінін атап өтті.

– Мысалы, таргеттік терапияда қолданылатын Трастузумаб, Элотузумаб, Иматиниб, ал иммунотерапияда қолданылатын Пембролизумаб секілді препараттар жоғары тиімділік көрсетіп отыр. Әсіресе, сүт безі, өкпе және колоректалды қатерлі ісік түрлерін емдеуде жақсы нәтижелер байқалады, – дейді ол.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда қатерлі ісікке шалдыққан науқастарды емдеу халықаралық стандарттарға сай жүргізіледі. Мемлекет бұл бағытқа айтарлықтай қаржы бөліп, медициналық инфрақұрылымды жетілдіруге күш салып келеді. Соның нәтижесінде, соңғы жылдары пациенттердің өмір сүру ұзақтығы да артып отыр.

Соған қарамастан, шетелде емделуге деген сұраныс әлі де жоғары. Мұның себебі тек медициналық факторлармен ғана шектелмейді. Психологиялық сенім, бюрократиялық кедергілер, қызмет көрсету сапасы және ақпараттық ықпал сияқты түрлі әлеуметтік фактор да бұл үрдіске әсер етеді.

Сондықтан онкологиямен күресте тек медициналық технологияларды дамыту ғана емес, сонымен қатар пациентке бағытталған қызмет мәдениетін қалыптастыру, жедел ұйымдастыру жүйесін жетілдіру және дәрігер мен науқас арасындағы сенімді нығайту да маңызды міндеттердің бірі болып қала бермек.

АЙМАҚ

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

АЗИАДАҒА ӘЗІРЛІК ҚАЛАЙ?

Алматыда 2029 жылы қысқы Азия ойындары өтеді. Ресми ақпаратты таяуда Азия Олимпиадалық кеңесі хабарлаған еді. Бұл мегаполисте халықаралық масштабта ұйымдастырылатын алғашқы дода емес. Осыған дейін еліміз 2011 жылғы қысқы Азия ойындарын өткізсе, оңтүстік астанасы 2017 жылы Дүниежүзілік қысқы Универсиада ойындарын қабылдады. Араға он сегіз жыл салып, Алматы қаласы тағы бір мәрте байрақты бәсекеңі өткізу құқығына ие болды.

Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Өткенге шегінсек, 2011 жылы жетінші қысқы Азия ойындарын өткізетін спорттық ғимараттар тізіміне 15 нысан кірген. Оның ішінде, 5 ғимарат қайта жаңғыртылса, қалған 10 нысан Алматы, Астана қалаларында, сондай-ақ Алматы облысында жанадан салынды. Халықаралық спорттық іс-шараны ұйымдастыру үшін бюджеттен қисапсыз миллиардтар бөлінген. Кейіннен қосымша қаржының жоспарға сай пайдаға асуына қатысты мәселе туындағаны да жасырын емес. Құзырлы органдар осыған дейінгі қысқы Азия ойындарынан сабақ алды ма? Алматы құрлықтық ойынды қабылдауға дайын ба? Біз таяуда Алматы қаласындағы қысқы Азия ойындарына дайындық барысы туралы Туризм және спорт министрлігіне ресми сауалымызды жолдаған едік. Туризм және спорт министрінің орынбасары Серік Жарасбаев бізге берген жауабында 2029 жылғы қысқы Азия ойындарын өткізу үшін жана ірі спорт нысандарын салу жоспарланбағанын мәлімдеді.

— Бүгінге дейін 2011 жылғы қысқы Азия ойындарын өткізу тәжірибесі жан-жақты талданды. Қорытындылай келе, жана ірі құрылыс көлемін барынша қысқарту, қолданыстағы нысандарды жаңғырту мен тиімді пайдалануға басымдық беру, бюджеттен тыс



қаражат пен демеушілерді тарту жұмысын күшейту, операциялық шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ ойындардан кейін спорт нысандарының ұзақмерзімді жүктемесін қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды. Осыған байланысты 2029 жылы өтетін ойындарға дайындық барысында жана ірі нысандар салу қарастырылмаған, — деді ол.

Министр орынбасарының айтуынша, қазір Алматыдағы «Медеу» спорт кешенінде қайта жаңғырту жұмысы жүргізіліп жатыр. Жаңғырту аяқталғаннан кейін нысан Халықаралық конькишілер одағының (ISU) талаптарына толық сәйкес келетін көрінеді.

— Министрлік 2029 жылғы қысқы Азия ойындарын өткізу арқылы қысқы спорт түрлерінің бұқаралық дамуын күшейту, жас спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру, спорт резервін нығайту,

сонымен қатар ұлттық командалардың бәсекеге қабілетті болуына ықпал ете отырып, еліміздің халықаралық спорттық имиджін нығайту сынды стратегиялық нәтижелерге қол жеткізуді көздеп отыр, — деді Серік Маратұлы.

Ал қысқы Азия ойындарының дайындық жұмысына бөлінетін қаржы көлемі қандай? Қаражаттың негізгі бағыттары қалай бөлінбек? Министрдің орынбасары әзірге бұл сауалға жауап беру ерте екенін айтты. Десек те, өткен ойындардың тәжірибесімен салыстырсақ, осы жолы бөлінетін қаражат көлемі төмен болуы мүмкін деген болжам бар.

Алдын ала болжам бойынша, дайындық шығындары 2011 жылғы Азия ойындары мен 2017 жылғы Универсиадамен салыстырғанда, айтарлықтай төмен болады, себебі ауқымды жана құрылыс жүргізу жоспарланбаған. Халықаралық жарыстарды өткізу тәжіри-



бесінде шығындардың бір бөлігі демеушілер мен серіктестер есебінен жабылады. Сонымен қатар мұндай ауқымды іс-шара туристік ағымды арттырып, өңір экономикасына оң әсерін тигізеді, — деді Туризм және спорт министрінің орынбасары С.Жарасбаев.

Алматының қысқы Азия ойындарын екінші рет қабылдауына байланысты сарапшылардың пікірі екіге жарылды. Алайда көзқарастар екіұдай болғанымен, сарапшылардың пікірі түбі бір мүддеге тоғысады. Бұл дегеніміз, құрлықтық ойын қатардағы имидждік іс-шара болып қалмай, оның әлеуеті келешекте толық пайдаға асуға тиіс.

Urban Forum Kazakhstan КҚ директоры Әділ Нұрмақов қысқы Азия ойындары белгілі бір деңгейдегі инфрақұрылымды талап ететінін негізге алды. Оның сөзінше, 2029 жылғы Азия ойындарын өткізу үшін Алматының қайта таңдалуы — халықаралық комиссия қаланың өткен тәжірибесін де, болашақ әлеуетін де оң бағалағанының көрінісі. Сонымен бірге урбанист бұл тұста назар аударарлық екінші мәселенің барын атап өтті.

— Екіншіден, ірі халықаралық іс-шаралар қалаға ішкі ресурстарымыз бен бюджет көзін жұмылдыру арқылы бұрыннан қажет болып тұрған жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мәселен, 2011 жылғы ойындар қарсаңында қалада маңызды көлік жобалары жүзеге асуға тиіс еді. Атап айтқанда, ЛРТ желісі мен заманауи трамвай желісі жоспарланып келді. Бұл жоба орталықты Олимпиада ауылы және «Алматы Арена» кешенімен байланыстыру керек еді, бірақ іске аспады. Халықаралық спорттық жарыстың

әлеуеті толық пайдаланылмай, керісінше, ауқымды мәселелер пайда болды. Сондықтан алдағы қысқы ойындар тек имидждік мақсаттағы іс-шара күйінде қалмай, болашақта қаламыздың дамуына серпін беретін факторға айналуға тиіс, — деді урбанист.

Сарапшы өз сөзінде таулы аумақтарға түсетін экологиялық жүктемеге ерекше мән беру қажеттігін ескертті. Оның айтуынша, 2011 жылы көптеген жұмыс асығыс жүргізілгендіктен, бұл мәселе жеткілікті деңгейде назарға алынбаған. Осының салдарынан тау беткейлерінде эрозия процесі күшейген.

— Алғашқы бағалауға сүйенсек, қазір жарысты өткізуге қажетті нысандардың едәуір бөлігі қалада бар. Ең бастысы, тәуекелден барынша сақтану, яғни жарыс аяқталғаннан кейін бос қалып, күтіп ұстау үшін ғана шығын талап ететін алып стадиондар мен нысандар салудан аулақ болу қажет. Мега-ивенттерге тән тағы бір мәселе — қоқыс көлемінің күрт артуы. Қоқыс жүктемесін азайту үшін қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеудің заманауи жүйесін дамыту қажет, — деді Ә.Нұрмақов.

Сонымен жауапты шенділер үш жылдан кейін өтетін байрақты бәсекеңі өткізуге қазіргі инфрақұрылымның ахуалы сай келетінін, сол үшін де алда жана нысандар салу жоспарланбағанын алға тартып отыр. Мұндай ұстаным, бір жағынан, қолда бар нысандарды тиімді пайдалануға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, күрделі құрылыстарға бөлінетін миллиардтаған қаражатты қоғамдық көлік немесе әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру сынды өзекті салаларға жұмсауға жол ашуы мүмкін.

«САБАЛАҚТЫҢ» СҮРЕҢСІЗ СҮРЛЕУІ

Қызылорда қаласының іргесіндегі Сабалақ саяжайының жол мәселесі жуық арада шешілмейтін секілді. Әсіресе, күз және көктем мезгілінде ми батпаққа айналатын ауылдық сүрлеу жолы адам жүруге жарамсыз күйге түседі. Жергілікті әкімдікке осы жайында қанша айтқанымен, талап-тілектерін еститін құлақ табылмай тұрғанына тұрғындар ашынып отыр.

АЕрбақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

«Жалпы, Сабалақтың ауқымы жыл сайын кеңейіп келеді. Халықтың саны да көбейіп барады. Соған қарамастан, бұл аумақты әлі де саяжай ретінде қарайды. Тұрғылықты халық үшін жол мәселесі көп жылдан бері өзекті. Жаңбыр мен қар суынан кейін аяқ алып жүру мүмкін болмайды. Өткен аптада жаңбыр мен қар жауып, бүгінде соның зардабын тартып отырмыз. Көшеміз ми батпақ. Мектеп жасындағы балаларымыз бен қалада оқитын студенттердің қатынауы қиын. Осы

мәселе төңірегінде жергілікті әкімдікке әрдайым айтып келеміз. Бірақ түйткіл түбегейлі шешімін табар емес», — дейді саяжай тұрғыны Жанар Накипова.

Мәліметке сәйкес, бүгінде саяжайда 6 мыңға жуық халық тұрады. Мектеп, балабақша жұмыс істейді. Бірақ еш талапқа сай келмейтін алға тартады. Бұған дейін жекенің ықпалымен ашылған 600 орындық білім ошағы осы жылы мемлекет меншігіне өткізілген. Бірақ 600 орындық мектептің тарлық ететіні, айтпаса да, түсінікті. Балабақшаның жағдайы да осыған ұқсас. Соның салдарынан көптеген бала қалаға қатынап білім алуға мәжбүр.



Сабалаққа №28 бағыттағы автобус қатынайды. Осы автобустың соңғы аялдамасындағы ахуал, тіпті аландатарлық күйде тұр. Сол аумақ халқының айтуынша, өз қалталарынан ақша шығарып, батпаққа айналған көшесіне құм төсеткен. Нақты айтқанда, 150 мың теңгедей шығындалған. Тұрғындар ең болмаса, сол құмның бетіне тас төсеп беруін сұрап отыр.

— Сабалақ халқын осы көшенің жолдары толғандырып тұр. Қар мен жаңбыр суынан кейін көшемізде адам түгелі көлік жүру мұңға айналады. Әсіресе, сабағына шыққан балалар балшыққа батып, әбігерге түсіп жатады. Балаларымызды танертен сабағына екі аяққиммен шығарып саламыз, кешке екі аяққиммен күтіп аламыз. Ал жазда шаң көтеріліп, тұрғындар-

дың жайлы тұрмыс кешуіне тағы қолайсыздық туғызады, — дейді тұрғын Гүлбану Ұзақбайқызы.

Ал саяжайдың тағы бір тұрғыны Ақгүл Аманбаеваның айтуынша, жүдеу тартқан жол жедел жәрдем көлігінің келіп-кетуіне де үлкен қиындық туғызып тұр. Бұл келенсіздік онсыз да дертіне дауа іздеген жандарға «жығылғанға жұдырық» болғандай.

Қала әкімдігінің тарапынан бұған дейін саяжайдағы 10 көшеге асфальт төсеу, 18 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары басталған екен. Сондай-ақ ауыссу мен көгілдір отын жеткізіліп, халықтың сұранысы қанағаттандырылған. Дей тұрғанмен, халықтың көңілі әлі де тоқ емес. Оның ішінде жолға қатысты түйткілдің әлі де толықтай шешілмей тұрғанына наразы.

Бір сөзбен айтқанда, Сабалақ саяжайындағы жол мәселесі тұрғындарға күрмеуі қиын мәселеге айналып тұр. Өйткені жол сапасының нашарлығы көлік қатынасына ғана емес, халықтың қауіпсіздігі мен тұрмыс сапасын арттыруға айтарлықтай зардабын тигізіп отыр.

АЙҚЫНДАМА

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Еліміздің электр желілерін басқаратын KEGOC компаниясының басшылығы жыл сайынғы дәстүрлі есептік кездесулер аясында ел өңірлерін аралап, филиал ұжымдарымен жүздесті. Жиында компания жетекшілері өткен жылдың қорытындысын айтып, алдағы кезеңге арналған жоспарлар мен міндеттерді талқылайды. Биыл да компания үшін табысты болған 2025 жылдың нәтижелері сараланып, 2026 жылға қойылған негізгі міндеттер айқындалған болатын. Компания өкілдері атап өткендей, қол жеткізілген рекордтық көрсеткіштердің артында, ең алдымен, кәсіби мамандардың еңбегі тұр.

KEGOC:

НАҚТЫ ЖОСПАР, НӘТИЖЕЛІ ЖЫЛ

Өткен жыл елдің электр энергетикасы үшін қарқынды жоғары кезең болды. Ел аумағында жарыққа деген сұраныс 3,8 пайызға өсіп, 124,6 млрд кВт сағатқа жеткен. Сәйкесінше, электр өндіру көлемі де көбейіп, 123,1 млрд кВт сағатты құрады. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 4,4 пайызға артық.

Атап айтсақ, 18 желтоқсанда елдің энергетикалық жүйесіне түсетін жүктеме ең жоғары деңгейге жетіп, 17 724 мегаватт құраған еді. Яғни, тұтыну рекордтық деңгейге жеткен күндердің өзінде елдің энергожүйесі жұмысын жалғастырып, халық пен өндіріс орындарын электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ете алды.

Компанияның қаржылық көрсеткіштері де көңілге қонымды. KEGOC-тың таза пайдасы 70,8 млрд теңгеге жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда, 19 пайызға артқан. Алдағы жылдың болжамы да жоғары деңгейде: 2026 жылы компанияның таза табысы тағы өсіп, шамамен 77 млрд теңгеге жетеді деп күтілуде.

— Электр энергиясын тұтынудың артуы және ең жоғары жүктемелердің өсуі бізден жоғары тәртіпті, технологиялық дайындықты және Ұлттық электр торабын жүйелі дамытуды талап етеді. 2025 жылы компания Қазақстан Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің сенімді жұмысын қамтамасыз етіп қана қоймай, рекордтық қаржылық нәтижелерге қол жеткізді. 2026 жылы біз ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, цифрлық трансформацияға және өндірістік қауіпсіздікті арттыруға басымдық береміз, — деп атап өтті KEGOC АҚ Басқарма төрағасы Нәби Айтжанов.

Отандық энергожүйе операторының жетістіктері халықаралық деңгейде де назардан тыс қалған жоқ. Әлемдік рейтингтік ұйымдар компанияның қаржылық тұрақтылығы мен сенімділігін жоғары бағалап отыр.

Сонымен қатар компания әлеуметтік жауапкершілігін де жоғары деңгейде атқарып келеді. Осылайша, KEGOC-тың әлеуметтік тұрақтылық индексі 88 пайыз-



ды құрап, «Самұрық-Қазына» портфельдік компаниялары арасында үздік үштікке енуіне мүмкіндік берді. ESG рейтингі бір жыл ішінде 7 балға өсіп, 62 балға жетті. Тіпті, экологиялық жобалар аясында 4 780 ағаш отырғызылып, қалдықтарды бөлек жинау жүйесі енгізілген. Мұның бәрі KEGOC-тың ел энергетикасын дамыту ғана емес, қоғамға пайдалы бастамаларды да қатар жүзеге асырып отырғанын көрсетеді.

Биыл компания өндірістік қауіпсіздікті күшейтуге, 2026-2031 жылдарға арналған тарифтер мен инвестициялық бағдарламасын бекітуге, сондай-ақ жасанды интеллект жобаларын енгізуге басымдық бермек. Бұдан бөлек, жөндеу жұмыстарын уақытында өткізу, күзгі-қысқы кезеңге дайындықты қамтамасыз ету және қаржылық тиімділікті арттыру да негізгі міндеттердің қатарында.

— Энергетикалық қауіпсіздікті нығайту үшін 2035 жылға дейін бірқатар ірі жобаны іске асырып жатырмыз. Бұл бастамалар электр энергиясын өндіру жоспарларымен толық үйлестірілген. Қазірдің өзінде оңтүстік аймақтың желілерін күшейту және Батыс өңірді Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру жобалары жүзеге асырылуда, — деді Нәби Айтжанов.

Алдағы жылдары тағы бірнеше ірі инфрақұрылымдық жоба



көбейту нәтижесінде мүмкін болған көрсеткіш.

Қазір диспетчерлік басқару жүйесін жаңғырту және энергожүйені бақылау жүйесін кеңейту жобалары іске асырылып жатыр. Ал алдағы кезеңде электр қуаты ағындарын тиімді басқару мен жүйедегі жүктемені алдын ала болжауға бағытталған жаңа цифрлық шешімдер енгізу жоспарланып отыр. Мұның бәрі Қазақстанның электр желілерін одан әрі тұрақты әрі тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік бермек.

Компания филиалдарына өндірістік қауіпсіздік пен су тасқынына қарсы шараларды күшейту бойынша нақты тапсырмалар берілді.

— Біздің алдымызда үлкен әрі күрделі міндеттер тұр. Оларды тек бірге, бір мақсаттағы команда болып қана жүзеге асыра аламыз, — деді компания басшысы.

Нәби Айтжанов сондай-ақ 2026 жыл еліміз үшін маңызды кезең екенін атап өтті, өйткені дәл осы уақытта елде Конституцияның ауқымды реформасын жүзеге асыру басталды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда ауқымды конституциялық реформа жүргізіліп жатыр. Басты мақсаты — елдің Ата Заңын жаңарту және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру.

— Бүгін Қазақстанның болашағы қалыптасып жатыр. Оның бағытын дәл қазір біз айқындаймыз. 2026 жылғы 15 наурызда жаңа Конституцияны қабылдау мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді. Референдумда Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымы мен құқықтық дамуының болашағы айқындалады, — деді KEGOC басшысы.



СПОРТ STYLE

14 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Қазақстан Премьер-лигасының жаңа маусымы жарқын әрі нәтижелі басталды. Бірінші турдың өзінде жанкүйерлер нағыз футбол мерекесінің куәсі болды. Барлығы 22 гол, әр матчқа шаққанда орта есеппен 2,75 голдан соғылды. Алғашқы турда жанкүйер күткеннің бәрі болды: тартысты матчтар, ірі есеппен аяқталған ойындар, қызу эмоциялар, тіпті төрешілер шешіміне қатысты даулы сәттер де кездесті. Айта кетейік, өткен маусымның чемпионы – алматылық «Қайрат» клубы. Биыл команда өз чемпиондық атағын қорғауға тырысса, өзге клубтар да жоғары орындар үшін тартысқа түспек.

А Эсет ҚАЛИ

Тартысты әрі қызықты турды «Ақтөбе» мен «Тобыл» командалары бастап берді. Жазғы трансферлік кезеңде «Ақтөбе» сонау тірі аңыздарды көрген «Манчестер Юнайтед» сапында өнер көрсеткен португалиялық шабуылшы Луиш Наниді сатып алған болатын. Нани үшін жиналған жұрт бір маркайып қайтқаны рас. Себебі ол алғашқы дебиюнде голдық паспен көзге түсті. Ойын «Түркістан Арена» стадионында өтіп, 4:1 есебімен «Ақтөбе» жеңіске жетті. Кейбір сарапшылардың ойынша, «матчтың 37-ші минутында көрсетілген қызыл қағаз ойын тағдырын шешті» дейді. Алайда жанкүйерлерден түрлі хейт келсе де, ҚФФ төрешінің шешімін «дұрыс» деп бағалады. Сонымен қоса, VAR-дың оқиғаны қарап шыққаннан кейінгі араласуы дұрыс болды деп есептелді. Себебі төреші бастапқыда сары қағаз көрсетсе, қайта қараудан кейін қызыл қағаз көрсеткен еді.

ФУТБОЛ ТОЙЫ – ШЫМКЕНТТЕ

Шырайлы Шымкентте нағыз футбол мерекесі өтті. «Ордабасы» мен «Ертіс» арасындағы кездесу алғашқы турдың ең қызықты ойындарының біріне айналды. Матч басталмай тұрып-ақ Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы стадион лық толып, жанкүйерлер ерекше атмосфера қалыптастырды. Маусымның ашылуына орай отандық эстрада жұлдыздары – «Шиза» мен Қайрат Нұртас өнер көрсетіп, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Кездесуді алаң иелері фаворит ретінде бастағанымен, ойын барысы жанкүйер күткендей өрбіген жоқ. Қонақтар алғашқы минуттардан-ақ батыл шабуылға көшіп, 9-минутта есеп ашты. Павлодарлық Максим Фе-



ЖАҢА МАУСЫМНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЫСҚЫРЫҒЫ

дин қолайлы позицияны тиімді пайдаланып, «Ордабасы» қақпасын дәл көздеді. Бірінші таймның соңына таман шымкенттік команда таразы басын теңестірді. 45-минутта алаң иелері есепті теңестіріп, ойынға қайта интрига қосты. Дегенмен екінші таймда «Ертіс» тағы да алға шықты. 64-минутта Павел Седко жылдам қарсы шабуыл ұйымдастырып, «Ордабасы» қақпашысымен бетпе-бет кездесуде мүлт кетпей, павлодарлықтарды қайтадан алға шығарды. Матчтың қалған бөлігінде алаң иелері есепті құтқару үшін барын салды. Шымкенттік команда соңғы минуттарға дейін қысымды күшейтіп, ақыры нәтижеге жетті. Қосылған уақыттың алдында орындалған айып соққысы дәл болып, есеп теңесті. Ойыннан кейін «Ордабасы» ФК бас бапкері Андрей Мартин матчқа қатысты пікір білдірді:

– Жанкүйерлерге ойын ұнады деп ойлаймын. Екі команда да жақсы ойнады, голдар да көп болды. Бізге жеңіске жету үшін сәл ғана мүмкіндік жетіспей қалды, – деді маман. Айта кетейік, «Ордабасыны» келесі турда қиын сынақ күтіп тұр. Шымкенттік клуб сырт алаңда елордалық «Жеңіс» командасымен кездеседі.

ҚЫЗЫЛЖАР ҒАЖАП КАМБЭК ЖАСАДЫ

Петропавлда өткен «Қызылжар» мен «Каспий» арасындағы кездесу де тартысқа толы болды. Матч тағдырын соңғы минуттар шешті. Жеңіс голын Қазақстан Премьер-лигасы тарихындағы алғашқы фарерлік футболшы – Йоханнес Бьорталид соқты. Айта кетейік, жартылай қорғаушы – Фарер аралдары ұлттық құрамасы сапында 40-тан астам матч өткізіп, өткен маусымда Норвегияның жоғарғы лигасында өнер көрсеткен тәжірибелі ойыншы. Кездесудің алғашқы бөлігінде қонақтар әлдеқайда белсенді болды. Бірінші

таймда «Каспий» командасы португалиялық шабуылшы Андре Амаралдың голының арқасында алға шықты. Ақтаулық клуб допты өз бақылауында ұстап, ойын тізгінін қолға алғандай көрінді. Екінші таймда алаң иелері ойынға қайта оралды. Петропавлдықтардың шабуылшысы, Кот-д'Ивуардан келген Этьен Бугре есепті теңестіріп, матчқа жаңа серпін берді. Ойынның соңғы минуттары тіпті драмалық сипат алды.

құрамын едәуір күшейтуге мәжбүр болады. Себебі Премьер-лигада легионерлер көп, бәсеке де жоғары. Соған қарамастан, «Каспий» алғашқы турдың өзінде тартысты ойын үлгісін көрсете білді.

Футбол experti Ерcиn Ерiктiң сөзiнше, Йоханнес Бьорталид секiлдi ойыншыларды елiмiзге шақыру керек.

– Мен Фарер аралдарынан келген футболшылардың Қазақстан чемпионатында ойнағанына қуаныштымын. Мұндай ойыншылар өз деңгейiн көрсетiп, гол соғып, командасына пайда әкеледi деп сенемiн. Бiрiншiден, Фарер аралдарының климаты бiздiң елге бiршама ұқсас. Сондықтан мұндай ойыншылар Қазақстанға тез бейiмделедi. Екiншiден, ол жақтың

бағыттап алды. Матчтың даулы сәтi – төрешi Данияр Сахи айып алаңындағы эпизодта пенальти белгiлемеуi болды.

Спорт сарапшысы Әлiмжан Асқар ҚПЛ матчтарын шолу подкастында пенальтидiң қойылмауы дұрыс деп айтты.

– Менiң көз алдымда сол эпизод анық тұр. Қайталымдарды қарағанда, қорғаушының аяғы алдымен допка тигенi байқалады. Сондықтан бұл жағдайда пенальти бермеуге де негiз бар деп ойлаймын. Жалпы, егер төрешi эпизодқа жүз пайыз сенiмдi болмаса, онда пенальти белгiлеу дұрыс шешiм болмайды, – дейдi ол.

Ал бұл пайыммен тағы бiр спорт сарапшысы Олжас Байбосын мұлде келiспейдi. Оның сөзiнше, төрешi бұл эпизодты қайта қарау керек едi.

– Менiң ойымша, бұл жерде нақты пенальти қойылуға тиiс деп есептеймiн. Бұл төрешi былтырғы маусымдарда да өрескел қателiктер жiберген едi. Тiптi, 1 айға жұмыстан шеттетiлген. Ол да тура осы пенальтиге байланысты болған. Ендi тағы да осындай жағдай туындап отыр. Осыдан кейiн қалайша бiз оны ақтап алуымыз керек? Ол әр маусымда осындай қателiктер iстейдi. Бұл эпизодта түсiнбегенiм, төрешiнiң VAR жүйесiн қарамауында. Бәлкiм қараса басқаша болар ма едi?! – дейдi сарапшы.

Ал басқа да ойындар өз кезегi бойынша өттi. Елордалық «Астана» өз алаңында «Жетiсуды» 4:1 есебiмен жеңдi. Есептi 14-минутта Станислав Басманов ашса, араға 15 минут салып, хорватиялық қорғаушы Карло Бартолец есептi еселей түстi. Үзiлiске дейiн 18 жастағы жартылай қорғаушы Мақсат Абраев үшiншi голды соқты. Екiншi таймда Марин Томасов тағы бiр мәрте мергендiгiмен көзге түсiп, есептi 4:0-ге жеткiздi. «Жетiсу» сапынан жалғыз голды сербиялық шабуылшы Марко Зиванович соқты.

Матчағы тағы бiр тарихи оқиға – 96-шы голымен Марин Томасов Қазақстан чемпионаты тарихындағы ең үздiк 10 бомбардирдiң қатарына ендi. Бүгiнге дейiн жартылай қорғаушы «Астана» сапында Премьер-лигада 208 ойын өткiзiп, 96 гол соқты. Сонымен қатар «Астана» сапында 55 минут ойнаған 33 жастағы Бауыржан Исламханның оралуына жанкүйерлер қатты қуанды. Бұл – оның 476 күннен кейiнгi алғашқы ресми ойыны.



1-ТУРДЫҢ ДАУЛЫ ОЙЫНЫ

Қазақстан Премьер-лигасының алғашқы турында «Окжетпес» пен «Елімай» коман-



86-минутта «Қызылжар» ойыншысы Тимур Мульдинов қызыл қағаз алып, алаң иелері бір ойыншымен кем қалды. Соған қарамастан, петропавлдықтар жеңіс үшін күресті тоқтатпады. 89-минутта фарерлік легионер Йоханнес Бьорталид шешуші соққысын жасап, командасына жеңіс сыйлады. Осылайша, «Қызылжар» қиын матчта 2:1 есебімен жеңіске жетті.

Айта кетерлігі, «Каспий» командасы бұл ойында жаман әсер қалдырған жоқ. Жақында ғана Бірінші лигада чемпион атанып, Премьер-лигаға қайта оралған ақтаулық клуб ойын барысында допты жақсы бақылап, батылдық көрсетті. Әдетте, төменгі дивизионнан көтерілген командалар жаңа деңгейге бейімделу үшін

далары Семейде кездесіп, матч 1:1 есебімен тең аяқталды. Ойын басында қонақтар алға шықты: 16-минутта Иван Свиридов қорғаныстағы қателікті пайдаланып, есеп ашты. Гол жіберіп алған «Окжетпес» шабуылды үдетіп, екінші таймда таразы басын теңестірді. «Елімай» қақпашысы Владимир Стойкович айып алаңындағы сәтсіз әрекетінің салдарынан допты өз қақпасына

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҒЫЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАУЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4716

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілепті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,